

Келісемін: 
«Күншуақ» б/б-ның МКҚК-ның
әдіскері Н.Б.Абишева

Бекітемін: 
«Күншуақ» б/б-ның МКҚК-ның
менеджері Р.К.Муханова



Вариативтік компонент
«Тәрбие – тал бесіктен»
«Балдырған» ересектер тобының
оқу қызметінің перспективті жоспары

Тәрбиешілер: Р.М.Алдабаева
Г.Ж. Муханова

2021 – 2022 о/ж.

Түсіндірме хат

Тәрбие - адам тағдырын шешетін ұлы іс. Ұлы істің бастау бұлағы, қайнар көзі – отбасы. Отбасындағы тағылым мен үлгі өнегенің, балабақшадағы тәлім тәрбиенің жүйелі бірізді жүргізулерінен бастау алатыны баршаға белгілі. Халқымыз: «Балаңа бес жасқа дейін патшандай қара» дегеннің терең мәні дәл осы кезде іске асатынын меңзесе керек.

Тәрбиенің түп тамыры – ұлтты қадірлеу, ұлттық әдет-ғұрыпты дамыту, ұлттық дәстүрді жандандыру, ұлтаралық достық қарым-қатынасты нығайтуға үйрету. Сабақ та, тәрбие де осы бағытта болса ғана баланы ортаға қарап тәрбиелеген боламыз, сонда ғана оның адамгершілігі қалыптасады. Адамды құрметтеуге тәрбиелеуіміз қажет.

Балабақшаға барғанда өз жасындағы балалармен бірге ойнайды, сөйлеседі. Бұл жерде тіл алғыш, айтқанды істемейтін, жылауық, сабырлы балалардың ортасына, яғни, аралас ортаға барады. Балабақшада осылардың әртүрлігіне мән беріп, жалпы ортақ тәрбие – адамгершілік тәрбиесі беріледі. Ол тәрбиешінің қатысуымен іске асады.

Қазір мектеп жасына дейінгі балалар бірыңғай бұрынғыдай тындаушы ғана емес, оқырман да. Мектеп жасына дейінгі балалардың бойында оқу қызметін меңгерту басты бағыты болып саналады. Ересек адам мектепке дейінгі балаға күшті педагогикалық әсер етеді, ол өзара әрекет үрдісінде кешенді әдістер мен тәсілдердің көмегімен танымдық белсенділікті қалыптастыруға, балалардың психикалық ойлау, қабылдау, ес, зейін, сөйлеуді, өзіне сенімділікті және ынталықты дамыта отырып, олардың белсенді танымдық іс-әрекетпен шығармашылыққа бой алуына көмектеседі.

Халқымыздың даналығында «Баланы жастан» деген сөз бар. Сондықтан тәрбиенің тал бесіктен басталатыны ескерсек, ата-бабадан келе жатқан ибалық пен инабаттылықты өзіміз түпкілікті түсініп, балаларымызға сол тәрбиенің нәрін сіңіребілсек, бұл қазіргі заманда бала тәрбиесіне қоқан біздің қомақты үлесіміз болып табылар еді. Елімізге менді қалып, өзімізге сенімділіктей түскен шақта ең алғашқы алға оярыміндеттің бірі – бала тәрбиесі – егеменді еліміздің болашағын жалғастырушы ұрпақ тәрбиелеу.

«Тәрбие – тал бесіктен» вариативті компоненті балаларды достарына, отбасына, қоршаған ортаға деген өзара сыйластығы дамытуға, адамгершілік құндылықтарды игеруге, сыйластыққа, достыққа, қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілерін дәріптеуге ат салысады.

https://ust.kz/word/tarbie___tal_besik-71244.html

Мақсаты:

Мектеп жасына дейінгі балаларға тәрбие отбасынан бастау алатынын түсіндіру, өзара сыйластыққа үйрету, бойларындағы жақсы қасиеттерді дамыту, адамгершілік құндылықтарға тәрбиелеу, халық ауыз әдебиетін дәріптеу.

Міндеттері:

Балаларға «Өзара сыйластық» ұғымының адамгершілік құндылық ретіндегі мәнін түсіндіру.

Тіл байлығын, ой -өрісін дамыту, қазақы салт –дәстүрлерді сақтап, халық ауыз әдебиетін үнемі дәріптей білуге ықпал ету.

Өзара сыйластық, сүйіспеншілік сезімдерін игерген жеке тұлғаны қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:

Халық ауыз әдебиеті түрлерін айта алды;

Қоршаған ортасын сыйлауға, құрметтеуге үйренеді;

Жақсылық пен жамандықты айыра алады

№	Тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі
1	«Менің туыстарым»	1	03.09.2021
2	«Әлди-әлди»	1	10.09.2021
3	«Әдептілік сөздері»	1	17.09.2021
4	«Қуыршақтар»	1	24.09.2021
5	«Ұлттық киімдер»	1	01.10.2021
6	«Қазақтың ою – өрнектері»	1	08.10.2021
7	«Жаңылтпаш жаттау»	1	15.10.2021
8	«Менің отбасым»	1	22.10.2021
9	«Адам болам десеңіз»	1	29.10.2021
10	«Түскиіз»	1	05.11.2021
11	«Ақ әже»	1	12.11.2021
12	«Мен осындай адаммын»	1	19.11.2021
13	«Торсық. Қымыз құятын ыдыс»	1	26.11.2021
14	«Қазақтың ою – өрнектері»	1	03.12.2021
15	«Тостаған және ожау»	1	10.12.2021
16	«Менің есімім»	1	24.12.2021
17	«Төлдер жыры»	1	31.12.2021
18	«Әдепті және әдепсіз қылықтарды талдау» (Сурет бойынша әңгімелеу)	1	07.01.2022
19	«Тіл-қазақ қазынасы»	1	14.01.2022
20	«Туған күн»	1	21.01.2022
21	«Лақ, торпақ, қозы, бота»	1	28.01.2022
22	«Мен қандай баламын»	1	04.02.2022
23	«Адал дос»	1	11.02.2022
24	«Достық пен бірлік»	1	18.02.2022
25	«Менің үйдегі достарым»	1	25.02.2022
26	«Сәлемдесе білемін»	1	04.03.2022
27	«Туыстар, ағайындар»	1	11.03.2022
28	«Мен көмекшімін»	1	18.03.2022
29	«Түсінісу мен кешіруді үйренеміз»	1	25.03.2022
30	«Жақсылыққа- жақсылық»	1	01.04.2022
31	«Қонақ келсе- қуаныш»	1	08.04.2022
32	«Әдепті және әдепсіз қылықтарды талдау» (Сурет бойынша әңгімелеу)	1	15.04.2022
33	«Бәрі де татулықтан басталады»	1	22.04.2022
34	«Тыйым сөздер»	1	29.04.2022
35	«Лақ, торпақ, қозы, бота»	1	06.05.2022
36	«Отбасындағы қуаныш»	1	13.05.2022

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы №1

Күні: 03.09.2021 ж

Вариативтік бөлім: «Тәрбие- тал бесіктен»

Тақырып: Менің туыстарым.

Мақсаты : «Өзара сыйластық» ұғымының адамгершілік құндылық ретіндегі мәнін түсіндіру. Туыс, туысқан ұғымы жайлы түсінік беру. Туыстарға деген сыйластық қарым-қатынасын дамыту. Өзара сыйластыққа тәрбиелеу.

Көрнекілік құралдар: ұнтаспа, суреттер, ойыншық жүрекше.

Сөздікпен жұмыс: қамқорлық, ізет, кішіпейілділік.

Қостілділік компоненті: мәдениетті-культурный, сыпайы-вежливый.

[illegible]

	Балаң үйрек – әжем, ошақ анасы. Орган терек – әкем, отау панасы. Шылдыр шүмек – шешем, шаңырақ ажары. Титтей бөбек – мен, бәрінің базары. -Өз туыстарың жайлы әңгімелеп беріңдер. Дәйексөз. Тәрбиеші «Отбасындағы сыйластық туыстарға деген сүйіспеншіліктен туындайды» деген нақыл сөзін дәйексөз ретінде түсіндіреді. Ойын. «Дүкен» Тәрбиеші дүкенде жүрекше, күн, жұлдызша, машина сияқты заттар сатылатынын айтады. -Бұл жай дүкен емес, сиқырлы дүкен. Әрқайсыла-рың осы дүкеннен өз туыстарыңа бір нәрсе сатып алып, оны не үшін алғандарыңды айтып беріңдер. Сергіту сәті: Бас, йық, тізе, саусақ. Бас, йық, тізе, саусақ. Саусақ, саусақ, саусақ. (саусақпен сартылдату) Тапсырма Ғажайып сөздер. Туыстарымызды сыйлаймыз. Туыстарымызбен татумыз. Қорытындылау. Туыстар бір түбірден өскен алып ағаштың бұтақтары тәрізді екен. Барлығымыздың да туған – туысымыз бар. Жүректен жүрекке.	Балалар нақыл сөзді жаттап алады. Балалар сабақта айтып, үйренген өнегелі сөздерді қайталап айтады. Әр бала жауабын айтады. -Мен сіңіліме жүрекше сатып алдым, себебі ол мейірімді болса екен деймін. -Мен ініме жұлдызша сатып алғаным, ол жарқыраған жұлдыздай болса екен деймін. Балалар сергіту сәтін қимыл-қозғалыстар арқылы көрсетеді. -Туыстарды жақсы көріп, қамқорлық көрсетіп отыру керек. -Мен туыстарыма денсаулық тілеймін.
--	---	---

	Балалар ойыншық жүрекше-ні қолдарыңа алып, бір-біріңе ұсынып, өз туыстары-ңа тілек білдіріңдер.	-Менің туыстарым көңілді жүрсе екен деймін.
Рефлексивті-түзетуші	Белсене қатысқан балаларды мадақтау, марапаттау.	Өз жақындары мен туыстарына деген қызығушылықтарын білдіреді.

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: ұлттық киімдерді атай білу; тақия, шапан, кимешек, камзал.

Болу керек: ойнай білу дағдысы.

Істей білу керек: ойын ойнаудағы әрекетті атау және көрсету; оларды ойын жағдайларына ауыстыру;

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы №2

Күні: 10.09.2021 ж

Вариативтік бөлім: «Тәрбие- тал бесіктен»

Тақырып: Әлди-әлди

Мақсаты : а) білімділік: балаларды қазақ халқының салт-дәстүрінің бірі бесікке салумен таныстыру. Бесік жабдықтарын, дене мүшелері, тазалық құралдарын қазақша айта бөлуге үйрету.

ә) дамытушылығы: «Бесік жыры» туралы түсінік беру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуына, ойлау, есте сақтау қабылдау қабілеттерін дамыту.

б) тәрбиелік: Әжеге, анаға, бөпелеріне деген сүйіспеншілік сезімін сезінуге, үлкенді сыйлауға, кішіге қамқоршы болуға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: бесіктің жабдықтары, ойынға керекті құралдар, қуыршақ, тазалық құралдары, сандықша, домбыра.

Әдіс-тәсілі: түсіндіру, қайталау, ойнату, тақпақ айту.

Іс - әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс - әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
Ынталандырушы-оятаушы	Аспанымыз ашық болсын! Күніміз жарқын болсын! Деніміз сау болсын! Отбасымыз аман болсын!	
Ұйымдастырушы-іздеуші.	Тәрбиеші: Балалар, бүгін әже кішкентай немересін бесікке салғалы жатыр, қонаққа барайық. -Сәлематсызба әже! -Сәлеметсіздер ме, ботақандарым, төрлетіндер, қош келдіңдер. Әже: Балалар, келіндер мына бесіктің қасына жақындап отырыңдар. Мынау бесік. Мен сендерге бөпені бесікке қалай бөлеу керек екендігін түсіндірейін. Сендер мұқият қарап отырыңдар. Ең алдымен бесіктің бас жағына жұмсақ жүннен жасалған жастық саламыз. Ал мынау үстіне жамылатын көрпесі. Мынау белбеуі, бала құлап қалмас үшін белінен және аяқ жағынан осы белбеумен байлап қояды. Енді кішкентай бөпеңізді бесіктен алып, шомылдырайық.	

	-Балалар, айтыңдаршы шомылдыру үшін алдымен не керек? -Су керек. -Ал бала шомылдыратын су қандай болу керек? -Жылы болу керек. -Бала таза болу үшін тағы не керек? -Сабын керек. Ал бәрі дайын, бөпемізді әкеліңіз. Балалар мен кішкентай бөпемізді шомылдырайын. Сендер маған көмектесіп, әрі дене мүшелерін атап отырыңдар. Жақсы, баламызды шомылдырып болдық. Енді денесін, қол аяғын майлап, біріміз бірге: Өс-өс балам, өс-балам Сұлу боп өс сымбатты, Саусағыңды жазайын, Аяғыңды созайын. Өс-өс деп бөпенің денесін ширатайық. Баламызды шомылдырып дайындадық, енді анасы тамақтандырғанша келіңдер, мен сендерге бесікті қалай аластау керек екендігін көрсетейін. Алас-алас. Пәле жаладан қалас. Тіл көзден сақта Барлық жамандық осы отпен кетсін -Балалар айтыңдаршы мынау қандай заттар? -Мынау тарақ, айна. Иә, бұл айна, тарақты кішкентай бойжеткенімізді әдемі болсын деп, ал мынау пышақты шошымас үшін саламыз. Ал баламызды алып, бесікке бөлейік. Ал енді баланың ұйқысы тәтті болсын деп: «Бесік жыры» айтайық. Бесік жыры: Әлди-әлди ақ бөпем. Ақ бесікке жат бөпем. Жылама бөпем жылама, Жәләк шағып берейін. Әлди-әлди бөпешім. Ұйықтай қойшы көкешім.	Тақпақтар Өседі балапан Өседі ботақан Қуантып анасын. Өседі балақан. Бала, бала баламыз. Бақшамызға барамыз, Күні бойы қызыққа, Батамыз да қаламыз. Күндей болып күлеміз. Гүлдей болып өсеміз, Үлкендерді қуантып. Жылдам өсіп келеміз. Алақай, алақай. Қуанды балақай, Анасын қуантып Өседі балақай.
--	---	---

	Тербетейін жата ғой. Тәтті ұйқыға бата ғой. Бөпеміз ұйықтасын. Ал сендер кішкентай бөпеге арнап тілектеріңді, тақпақтарыңды айтыңдаршы. Әже: Өркендерің өссін балапандарым!	Ең жақсы сөз- ана. Ең жақсы сөз- бала.
Рефлексивті- түзетуші	-Балалар, біз бүгін қайда бардық? Бесіктің қандай жабдықтарын атауға үйрендік? Тәрбиеші: Әже, сізге де мынау келген кішкентай қонақтарға да көп рахмет! -Сау болыңдар қарақтарым	Бесік тойға келдік. -Көрпе, көрпеше, жастық, бесік. -Сау болыңыз әже!

Күтілетін нәтиже:

Нені білді: Бесіктің жабдықтарын атауларын

Қандай түсініктерді игерді: «Бесік жыры» туралы түсінік

Менгерген дағдылыры мен іскерліктері: Әжеге, анаға, бөпелеріне деген сүйіспеншілік сезімін сезінуге, үлкенді сыйлауға, кішіге қамқоршы болуға

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы №3

Күні: 17.09.2021 ж

Вариативтік бөлім: «Тәрбие- тал бесіктен»

Тақырып: «Әдептілік сөздері»

Мақсаты:

балаларды адамдар арасындағы

қарым-қатынса нормалары және қоғамдағы жүріс-тұрыс ережелерімен

таныстыруды жалғастыру, сыпайылықтың қарапайым әдеттерін тәрбиелеу..

Қолданатын

көрнекі құралдар: сюжетті суреттер

Сөздік жұмыс: әдептілік, сәлеметсіз бе, сау болыңыз.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері.	Тәрбиешінің іс-әрекеті.	Балалардың іс-әрекеті.
Мотивациялық-қозғаушылық	Психологиялық сәт. Бақшамызға барғанда, Жолыққан бар жандарға Ертемен ақ пейілмен «Қайырлы таң!»-деймін мен. Күндіз де елді елеймін: Үйге кешке келемін, Не дерімді білемін «Кеш жарық!»-деп кіремін. (Е.Өтетілеуұлы)	Шеңбер бойына тұрып, қимылдар жасайды.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Кіріспе кезең. Бүгінгі оқу іс-әрекетінде ақын Ермек Өтетілеуұлының «Әдептілік әлемі» өлеңімен танысамыз. Өлеңді оқып беру. Сұрақ-жауап арқылы оқылған өлеңнің мазмұнын түсіндіру. -Балалар, біз қандай болуымыз керек? -Әдепті, жақсы балалар бар ма топта? «Қалай амандасу керек?» ойыны. Мақсаты: әдептілік ережелеріне баулу. Ойын шарты: балалар жұптасып, сыртқы және ішкі шеңбер құрады. Педагогтың нұсқауы бойынша қарама-қарсы тұрған балалар бір-бірімен амандасады.	Әдепті, жақсы. Бар. Мысалы,..... Бір-бірімен амандасады.
Рефлексиялық-түзету	Қорытындылау: Әдеп сақтап	

шілік	әмәнда, Әрбір адал адамға. Жасасақ бір жақсылық Қайтарады саған да.	
-------	--	--

Күтілетін

нәтиже:

Біледі:әдептілік ережелерін.

Игереді:өлең, ойын арқылы жақсы қасиеттерді.

Меңгереді:адамдар арасындағы қарым-қатынас нормалары мен қоғамдық орындарда жүріп-тұру ережелерін

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы №4

Күні: 24.09.2021 ж

Вариативтік бөлім: «Тәрбие- тал бесіктен»

Тақырыбы: «Қуыршақтар»

Мақсаты: 1. Балалармен өздерінің ойыншықтары, қуыршақтары туралы әңгімелесе отырып, балаларды әдептілікке, тазалыққа үйрету. 2. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. 3. Балалардың көркем әдебиетке деген қызығушылығын арттыра отырып сөздік қорын байыту.

Қолданылатын көрнекілік: Қуыршақтардың, ойыншықтардың суреттері

Әдіс – тәсілдері: Түсіндіру, жаттату, қайталату

Әрекеттің кезеңдері	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Мотивациялы – ынталандыру кезең.	I. Кіріспе бөлім. 1. Ұйымдастыру кезеңі: 2. Амандасу рәсімі. Балаларды шаттық шеңберіне шақыру. Қане, қане тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық, Оң жақтағы көршіге Сол жақтағы көршіге Күлімсіреп қарайық. Қолымызды созайық Құшақтасық дос болып Тату тәтті болайық	Балалар шеңбер жасап бір біріне жылулық сыйлайды. Өлеңді қимыл қозғалыспен айтады. Айтып болған соң бәрі ақырын топырламай өз орындарына отырады
Ұйымдастыру ізденгіш кезең.	II. Негізгі бөлім. Кіріспе сұрақтар қою: - Балалар қараңдаршы, біздің топта қандай ойыншықтар бар? - Біз күнде сол ойыншықтармен ойнаймыз ыа? - Балалар, сендер үйде қандай ойыншықтармен ойнайсыңдар? - Ойыншықтарың көп пе? - Кімнің қандай ойыншығы бар? - Сендер ойыншықтарыңа арнап өлең, тақпақ айтып бересіңдер ме? - Қандай тақпақ айтасыңдар? - Кім айтады?	Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап беріп отырады. Балалар үйлерінде қандай ойыншықтармен ойнайтындарын айтады

	- Балалар бүгін біз сендермен қуыршақтарымызға, ойыншықтарымызға арнап өлең жаттайық? Қане, менімен бірге қайталаңдар: «Қуыршақ» Жүрмейсің бе абайлап, Болмасаңшы ұрыншақ Асыр салып көп ойнап, Ақсап қалдың құлыншақ Ашытпайды көзіңді, Шомыла ғой балақай. Қарашы енді өзіңе Аппақ болдың алақай. Тиіспе күшік, қоянға Араздықты қойыңдар. Кікілжің жоқ араңда, Тату тәтті болыңдар. -Балалар, сендерге өлең ұнадыма? -Қуыршақтарыңа айтып бересіңдер ме? -Кім қуыршағын шомылдырады? -Шаштарын тарап бересіңдер ме? Жарайсыңдар балалар! -Ойыншықтарымызды, қуыршақтарымызды кірлетпей, киімдерін жыртпай, таза ойнауымыз керек, әйтпесе олар ренжіп бізбен ойнағылары келмейді екен. Тәрбиеші өлеңді қайталатады. Кейбір айтпай отырған балалар болса жеке өзінен сұрайды. Сергіту сәті: Қорбаңдаған аюдың, Құлпынайы көп екен, Теріп, теріп алайық,	Білетін балалардан тақпақтарын сұрап айтқызады. Балалар тәрбиешінің айтқан өлеңін қайталап отырады. -Иә, ұнады. -Айтып береміз Балалар өлеңді жаттап алуға тырысады.
--	--	---

	Қалтамызға салайық. Тәрбиеші өлеңді қайталатып айтқызады	Балалар сергіту сәтін айтып, қимыл қозғалыс арқылы ккрсетеді.
Рефлексиялық түзету кезең.	III.Қортынды бөлім. - Балалар біз бүгін не туралы айттық? - Қыршақтарымызды таза ұстаймыз ба? -Үйге барғанда өлеңімізді айтып бересіңдер ме? Тәрбиеші өлеңді жақсы айтып отырған балаларды мақтап, марапаттайды.	Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап беріп отырады -Иә, таза ұстаймыз -Айтып береміз.

Күтілетін нәтиже:

Нені білді: «Қуыршақтар » өлеңін жатқа біледі.

Қандай түсініктерді игерді: Қуыршақтарына, ойыншықтарына ұқыпты болуды
игерді.

Менгерген дағдылыры мен іскерліктері: Балалар ойыншықтарын таза ұстауға
дағдыланады

Күні: 01.10.2021 ж

Вариативтік бөлім: «Тәрбие- тал бесіктен»

Тақырып: «Ұлттық киімдер»

Мақсаты:

- а) Балаларға қазақтың ұлттық киімдері туралы мағлұмат беру.
 - ә) Балалардың сөздік қорын молайту, ұлттық сана-сезімін ояту, ойлау және есте сақтау қабілеттерін дамыту.
 - б) Ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу.
- : түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап

Қажетті құралдар: шапан, қоржын, ұлттық киімдер үлгісі және суреттері, желім.

Сабақ барысы

Әркеттің кезеңдері	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Мотивациялы – ынталандыру кезең.	Амандасу шеңберін ұйымдастырады. Сәлеметсіңдер ме, балалар! Бәріміз бір-бірлеріміздің қолымыздан ұстап, үлкен шеңбер жасап тұрайық. Балалар, біз таңертеңгісін ұйқыдан тұрғанда алдымен қай жаққа қараймыз? Онда нені көреміз? Дұрыс айтасыңдар. Егер олар жарқырап нұрын шашып тұрса, қалай қуанамыз? Олай болса, балалар, бәріміз қуанып, жаңа күнді қарсы алып, шеңбер жасап отыра қалайықшы. Қыз бала қалай отырады, ұл бала қалай отырады? Қане, балалар, қолдарымызды бір-бірімізге түйістіріп көрейікші. Не сезіп тұрсыңдар? Осы алақан жылулары арқылы бір-бірімізге игі тілектер мен жылы лебіздер білдірейік. Көп жасаңдар. Айтқан тілек сөздерің қабыл болсын, ниеттеріңе жетіндер!	Шеңберге тұрады. Терезеге қараймыз. Күннің нұрын, күнді көреміз. «Алақай» деп қолдарын шапалақтайды. Шеңбер жасап отырады.
Ұйымдастыру ізденгіш кезең.	Ал қоржынның қалтасында не бар екен, оны да алып көрейікші. Қане, балалар, кім айтады, мынау қандай зат? Дұрыс біз бүгін қазақтың ұлттық киімі – шапанмен таныс боламыз. Балалар	Ұлттық киім – шапан.

	жыл мезгіліне байланысты шапанның бірнеше түрі болады. Шолақ жеңді, ұзын жеңді шапан, ал қыс кезінде киетін қалыңдау түрін – шеппен деп атайды. Шапанның ұзын да, қысқа да түрлері болады. Балалар, шапанды ұстап көріңдер, неден жасалады екен? Шапанның түсі қандай екен? Шапанның шеті немен безендірілген? Шапанды кімдер киеді? Балалар, шапанды біз қандай мерекеде киеміз? Дөңгеленіп тұрамыз, Керегені құрамыз. Уық болып иіліп, Шаңыраққа киіліп, Киіз үйді құрамыз. Балалар, біз ұлттық киіммен таныстық, оны аталарымыз киетінін білдік. Көбіңнің аталарың бар. Аталарымызды жақсы көреміз. Мен сендерге ақын Қадыр Мырза Әлі атамыз жазған «Менің атам» деген өлеңін оқып берейік. Мен алдымен өлеңді мәнерлеп оқимын. Ал сендер өлеңнің кімдер жайында айтылатынын естеріңе сақтап алыңдар. Менің атам Атам менің ауылда, Қой бағады ежелден. Қадірлі атам қауымға, Сый-құрметке бөленген. Бұл өлең сендерге ұнады ма? Өлең кім туралы айтылған екен? Қане балалар өлеңді бәріміз жаттап көрелік.	Матадан. Көк. Ою-өрнекпен. Аталар, әжелер, апалар. Наурыз мерекесінде. Тәуелсіздік мерекесінде. Балалар сергіту жаттығуын қимылмен орындайды. Ұнады. Қой бағатын ата туралы. Балалар жаттайды. Балалар қатты қағаздан жасалған қуыршақты
--	---	--

	«Қуыршақты киіндіру» Ойын шарты: Қатты қағаздан жасалған ойыншық қуыршаққа балалардың ұлттық киім кигізуі. Балалар, бәріміз бірігіп, атамыз киетін шапанды жабыстырайық, деп балаларды жабыстыру жұмыстарына жұмылдырылады.	ұлттық киіммен киіндіреді. Қағаздан қиылған дайын шапанды ақ қағазға желіммен жабыстырады.
Рефлексиялық түзету кезең.	Белсенді қатысқан балаларды мақтап мадақтайды.	

Күтілетін нәтиже:

Нені білді: қазақтың ұлттық киімдері туралы

Қандай түсініктерді игерді: ұлттық сана-сезімін

Менгерген дағдылары мен іскерліктері: ойлау және есте сақтау қабілеттері

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы №6

Күні: 08.10.2021 ж

Вариативтік бөлім: «Тәрбие- тал бесіктен»

Тақырыбы: «Қазақтың ою-өрнектері»

Мақсаты: қазақтың ұлттық бұйымдары, тұрмыстық қолданбалы заттар туралы түсінік беру. Ою - өрнек туралы мағлұмат беру.

Баланың есте сақтау қабілетін, елесін дамыту. Балаларды шыдамдылыққа, ұқыптылыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.

Қолданатын әдіс - тәсілдер:

Көрсету, түсіндіру, көркем сөз, жұмбақ шешу, ойын ойнату, қайталау, мадақтау.

Көрнекіліктер:

Киіз үй, үй жабдықтары әже суреттері; түрлі түсті картоннан қиылған ұлттық киім-кешектер мен жиһаздардың пішіндері.

Өркеттің кезеңдері	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Мотивациялы – ынталандыру кезең.	Амандасу Армысың шұғылалы алтын күн! Армысың мейірімді жер ана! Сәлеметсіздер ме қонақтар! Бәріміз күндей жарқырайық! Бәріміз тату дос болайық!	
Ұйымдастырушы-іздеуші.	Бұрынғы кезде біздің ата - бабаларымыз киіз үйде өмір сүрген. Сол киіз үйдің ішінде қазақтың ұлттық тұрмыстық бұйымдарын ұстаған. Қазақтың ұлттық тұрмыстық бұйымдарына сандық, көрпе, жастық, киіз, торсық,; киім-кешектерге - кимешек, кажекей, мәсі, сырмақ жатады. Қазақтың қай ұлттық бұйымы болмасын, ою - өрнексіз болмаған. Бүгін біздер ою - өрнектің «Қошқар мүйіз» деген түрімен танысамыз. «қошқар мүйіз» - ата бабаларымыздың отар - отар қойы болсын деген арман тілегін, молшылықты білдіреді. Тақпақ жаттату: Қазақта бір ою бар -«Қошқар мүйіз» Орын алар тұрағы, көрпе - киіз. Шеберлер осы өрнекпен сәндегенде	Ою - өрнектер.

	Көз тартып құбылады оюымыз. Қызықты сәт: Киіз үйде тұратын Әженің үйіне қонаққа бару. Әженің тапсырмасы: Жұмбақ. Кіруге адам батпайды Затыңды аман сақтайды.(сандық) Текшелеп төрге Жиғаным не? (көрпе, жастық) Тәрбиеші: Балалар! Қараңдаршы, әжеміздің киім- кешектеріне, жиһаздарына не жетіспейді? Тәрбиеші: Олай болса әженің киім- кешектері мен жиһаздарына ою - өрнектермен безендіріп берейік. Сергіту сәті: Орнымыздан тұрайық Қылқаламды қояйық Қолымызды созайық Оңға қарай иіліп, Белімізді жазайық. Айналаға қарайық Отырайық, тұрайық Бір тынығып алайық. Тынығып біз болған соң Әсем сурет салайық	Балалар түрлі - түсті қағаздан қиылған киімдер мен жиһаздарға ою салып болған соң, әжеге сыйға тарту етеді.
Рефлексиялық түзету кезең.	Қимылдық ойын: «Тақия тастамақ»	

Күтілетін нәтиже:

Нені білді: Ою - өрнек туралы мағлұмат

Қандай түсініктерді игерді: қазақтың ұлттық бұйымдары, тұрмыстық қолданбалы заттар туралы

Менгерген дағдылары мен іскерліктері: есте сақтау қабілетін, елесін дамыту.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы №7

Күні: 15.10.2016 ж

Вариативтік бөлім: «Тәрбие- тал бесіктен»

Тақырыбы: «Жаңылтпаш жаттау»

Мақсаты: Балаларға жаңылтпаш жаттату, тіл байлығын, ой -өрісін дамыту, қазақы салт –дәстүрлерді сақтап, халық ауыз әдебиетін үнемі дәріптей білуге тәрбиелеу.

Көрнекілік: Жаңылтпаштар

Сөздікпен жұмыс: жаңылтпаш жаттау, бірнеше рет қайталау

Қостілділік компоненті: Изучить скороговорку

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Мотивациялы – ынталандыру кезең.	«Сәлем сөздің атасы!» Мақсаты: Үлкендер мен достары арасында әдептілікке, үнемі амандасып жүруге тәрбиелеу.	Ең жақсы сөз «сәлеметсің бе»деген,Аман-саулық сұрайды оныменен.Ережені жатта, білсен қайтала, Үлкендерге осы сөзді бірінші айт, ойланба.Кешке қоштастыңдар, таң боп кездестік,«Сәлеметсің бе» деп айтуды шештік.
Ұйымдастырушы- іздеуші.	Балалар біз бүгін халық ауыз әдебиетінің бір жанры –жаңылтпаштармен танысамыз. Балалар мына жаңылтпаштарды жаттап алайық: Есет атам, ет асатар Ет асатса, бес асатар 1. Шеше неше кесе Сынды кеше. Сергіту сәті: Бас, йық, тізе, саусақ. Бас, йық, тізе, саусақ. Көз, мұрын, көз, мұрын, Құлақ, ерін, құлақ, ерін. (жылдамдатып тез-тез қайталату)	Балалар жаңылтпаштарды мұқият тыңдайды. Балалар бірнеше рет қайталап, жаңылтпаштарды жаттайды. Бас, йық, тізе, саусақ. Бас, йық, тізе, саусақ. Көз, мұрын, көз, мұрын, Құлақ, ерін, құлақ, ерін.(жылдамдатып тез-тез қайталату) Ойнау ойнауды дұрыс қолдана біліп ойнайды.

	Қ\о: «Қояндар мен қасқырлар»	
Рефлексивті қорытындылау –	Ойнайықта , ойланайық! 1.Жаңылтпашты жаңылмай кім бірінші айтса, сол жеңімпаз атанады. Белсенді балаларды марапаттап, мадақтау.	Балалардың қайсысы бірінші болып жаңылтпашты жаңылмай айтса, сол жеңімпаз атанады. Жаңылтпашты жаттауға деген қызығушылықтарын білдіреді. Балалар іс –әрекеттен алған әсерлерімен бөліседі, қызығушылықтарын білдіреді.

Білу керек: Жаңылтпашты жаттап айта білу керек.

Болуы керек: Қызығушылық білдіру.

Істей білуі керек: Жаңылтпашты қайталап жаттай білу.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы №8

Күні: 22.10.2021 ж

Вариативтік бөлім: «Тәрбие- тал бесіктен»

Тақырыбы: Менің отбасым.

Мақсаты: Балаларға отбасы және отбасы мүшелері туралы түсінік беру. Сөйлем құрап айтуға, дыбыстарды анық, таза жеткізе білуге дағдыландыру. Отбасында үлкендерді сыйлап, кішілерге қамқор болу сияқты әдептілік қағидаларын сақтай білуге тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: отбасы мүшелерінің дауысы жазылған ұнтаспа, қуыршақтар.

Әдіс-тәсілдері: сөздік, көрнекілік, ойын, практикалық.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Ұнтаспадан «жарығым», «ботам», «құлыным», «күнім» деген сияқты жылы сөздер тыңдатылады. - Балалар, қалай ойлайсыңдар, осындай жылы сөздерді сендерге кімдер айтады? - Иә, балалар сендерге жылы сөздерді аталарың, аналарың әке, әжелерің айтады екен. - Ал, осы адамдарды бір сөзбен кімдер деп айтамыз? - Онда бүгінгі жиынымызда біз кімдер туралы әңгіме қозғайды екенбіз?	Балалар өз ойларын ортаға салады. - Маған мұндай сөздерді анам айтады. - Отбасы мүшелері туралы.

Ұйымдастырушылық-ізденістік	Педагог балаларға отбасы мүшелеріне байланысты сұрақтар қояды. Педагог балаларды қалауы бойынша екі орталыққа бөледі. <i>Бірінші орталықтағы</i> балаларға отбасы бейнеленген суреттерді қарастырып, өздерінің отбасы мүшелерінің қызметтері мен қарым-қатынастары туралы айтып беруді тапсырады. <i>Екінші орталықтағы балаларға</i> бірнеше қуыршақтарды пайдаланып, отбасы мүшелерін топтастыру және олардың отбасындағы туыстың қарым-қатынасын анықтап айтып беру тапсырылады (әңгімелесу барысында амандасу, қоштасу, алғыс айту секілді әдептілік қарым-қатынас мәдениеті мен сыпайылыққа қатысты сөздерді пайдаланады). Педагог <i>сергіту сәтін</i> ұйымдастырады да, балаларға <i>орталықтағы орындарын ауыстыру керек екендігін ескертіп, қадағалайды.</i> Орталықтағы жұмыстардың аяқталғандығын айтып, орындарына отырғызады.	Балалар сұрақтарға жауап беріп, өзінің отбасы мүшелері туралы айтып береді. <i>Бірінші орталықтағы</i> балалар өз отбасы мүшелерінің немен айналысатындығы, бір-біріне жасаған қамқорлығы, жақсылығы мен қайырымдылығы туралы айтып береді. <i>Екінші орталықтағы</i> балалар бір-бір қуыршақты алып, ол қуыршақтың туыстық қарым-қатынасы туралы айтады. Мысалы: мынау - Әдемі. Әдемі Асқардың қарындасы. Балалар <i>орталықтағы орындарын ауыстырып отырады.</i>
Рефлексиялық-түзетушілік	«Жылулық тілегі» дидактикалық ойыны: Ойын шарты бойынша ойынға қатысушы барлық балалар ата, апа, ана, әке, ағаның, ал допты ұстаған бала, баланың ролінде ойнайды. Бала допты лақтырған кезде, қағып алған бала (ата, апа, ана, әке, аға) допты кері қайтарып теңеу сөз, жылы сөз, лебіз немесе тілек айтады. Балалардан бүгінгі жиыннан алған әсерлерін, көңіл күйлерін, немен айналысқандарын, не үйренгендерін сұрайды.	Балалар шеңбер бойына тұрады. Допты қағып алған бала жылы сөз немесе тілек, теңеулер айтады. Мысалы: -Мен сені қатты жақсы көремін. -Сен менің қошақанымсың. -Жұлдыздай жарқырай бер. Балалар сабақтағы

		көңіл күйлерін дәптердегі таңбаларға белгілейді.
--	--	---

Күтілетін нәтиже:

Біледі: өзінің отбасы, жақсы көретін адамдары, олардың жақсылығы мен қайырымдылығы туралы әңгімелей білу, басқа балалардың да отбасы туралы айтқандарын тыңдап, олардың да ата-аналарының қамқорлық жасайтыны туралы түсіну, сұрақтарға жауап бере білу.

Игереді: өзінің отбасы, жақсы көретін адамдары, олардың жақсылығы мен қайырымдылығын, бір-біріне қалай көмектесетіндерін, басқа балалардың да ата-аналарының қамқорлық жасайтынын.

Меңгереді: отбасы мүшелеріне құрметпен, сыйластықпен қарауды, жақсылық, қайырымдылық жасауды, әңгімелесу барысында әдептілік қарым-қатынас мәдениеті мен сыпайылыққа қатысты сөздерді.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы №9

Күні: 29.10.2021 ж

Вариативтік бөлім: «Тәрбие- тал бесіктен»

Тақырыбы: Адам болам десеңіз».

Мақсаты: «адамгершілік»»жақсы адам» ұғымдарының мағынасын түсіндіру

Міндеттері:1. –адамгершілік туралы түсініктерін кеңейту. 2.-бала бойындағы жақсы қасиеттерін дамытуға ықпал ету. 3.жақсылық жасай білуге тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: түрлі түсті қарындаштар,сюжеттік суреттер.

Әдіс-тәсілдер:сұрақ-жауап,түсіндіру,әңгімелеу,көрсету.

Кезеңдер	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті
Мотивация-лық кезең	Шаттық шеңбері Педагог балаларды шаттық шеңберіне шақырып,оны төмендегідей мазмұнда бастауы мүмкін: -Қайырлы күн,балалар!Күніміз сәтті болсын!Әдеттегідей сендермен кездесіп тұрғаныма қуаныштымын.	-өлең жолдарына қи-мыл жасау.
Ізденіс ұйымдас-тыру кезеңі	Әңгімелесу -Қандай адамды жақсы адам деп атаймыз? -«Жақсы адам» болу үшін не істеу керек? -сыйласу керек; -адамдарды құрметтеу керек; -көмектесу керек; -қамқорлық көрсету керек; -барлығын жақсы көру керек; Әңгімелеу Тәрбиеші В.Осееваның «Үш ұл» әңгімесін оқып береді,балалар сұраққа жауап береді Тыныштық сәті Ойын: «белсенділік жаттығуы». Тапсырма: -үлгілдек мақта -ақша қар -ыстық картоп -кесе толы су -бір уыс тары -нәресте -қозы -Сурет бойынша әңгімелеп беріңдер Ғажайып сөздер Балалар сабақта айтып үйренген өнегелі сөздерді қайталап айтады. Жақсылық отбасынан басталады. Жақсы бала – отбасының,Отанының қуанышы.	-тыңдайды. -сұрақтарға жауап береді. -ұжым болып ойнайды. -қимыл жасау. -сұрақтарға жауап береді.

[illegible]

Білу :адамгершілік туралы білу.

Игеру: адам бойындағы жақсы қасиеттерді түсіну.

Меңгеру: жақсылық жасай білуге уйрену.

Ұйымдастырылған оқу іс-қызметінің технологиялық картасы №10

Күні: 05.11.2021 ж

Вариативтік бөлім: «Тәрбие- тал бесіктен»

Тақырыбы: «Тұскиіз»

Мақсаты:

Қазақтың қолданбалы қолөнер бұйымдарының түрлері мен қолданылатын материалдары және орындау техникасы туралы түсінігін қалыптастыру.

Балаларды ұлттық қолөнерді жандандыру, ісмерлікке, еңбекке баулу, ұқыптылыққа, жүйелі еңбек етуге және шығармашылыққа тәрбиелеу.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Мотивациялық кезең	Тәрбиеші балаларды шеңберге тұрғызып, «Шаттық шеңберін» өткізеді. Ө.Тұрманжановтың «Кел, балалар, күлейік» өлеңін ұнтаспаға қосылып балаларға айтқызады.	Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Қабак түйген не керек, Көңілді боп жүрейік! Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік!
Ұйымдастырушы- іздеуші.	Қазақ қолөнері, ұлттық өнер өткен өмір еншісіне айналып, оған мән берілмей, кейбір бұйымдарымыздың көзі жоқ болуда, тіпті мұражайдан да таба алмайсың. Қазақтың қолданбалы өнері дайындалатын материал түріне қарай ағаштан, сүйектен, теріден, металл, текстиль материалдардан дайындалған болып бөлінеді. Қазақтың ұлттық бұйымдарының түрлері: киіз, тұскиіз, текемет, сырмақ, қоржын, алаша, аяққап,	

	тұтқыш, ою - өрнек, құрақ құрау. Ағаш бұйымдары: сандық, кебеже, адалбақан. Зергерлік бұйымдар: сырға, білезік, сақина, бойтұмар. Бұл бұйымдар аталған кезде мынадай өлең жолдары ойыңа оралады. Қолөнер құрақ құрау, ою - өрнек, Атты баптап, ер тұрман, қамшы өрмек, Салт - дәстүрі ешкімге ұқсамаған, Қазақта ғой байлаған жіпті күрмеп. Қазақта қолөнердің кереметі, Оюлап шығарған сырмақ пен текеметті. Қандай шебер, қазақ қыздары, айтыңдаршы, Құрақты, оюлауды дөңгелетті. Бүгін біз сол ұлттық қолөнер бұйымдарының бірегейімен танысамыз. Төсеніш бұйымдары. Тұскиіз - сәндік үшін төсектің тұсына ұстайтын үй жиһаздарының бірі. Оны жасау үшін нығыз басылған жұқа киіз таңдалып алынады. Тұскиізді безендіріп, әшекейлеу үшін түсті барқыттар, жібек, шұға т. б. маталардан бетіне ою - өрнектер тігіледі. Текемет - бетіне түрлі түсті ою - өрнек басылған киіз. Оның бетіне жүнді бояп, ою - өрнек жасап, киіз басқан әдіспен басады. Сырмақ - киізден сырып, оюлап жасалған төсеніш. Екі түсті киізден оймалаған немесе үстіне матадан ою басқан тігістеріне жиек басып, сырып жасайды.	
--	---	--

	Алаша - жүнді иіріп жіп аламыз, оны әр түрлі түске бояймыз, сол жіптен тоқылған төсеніш. Алаша "терме" және "қақпа алаша" деп екіге бөлінеді. Төсеніш ретінде қолданады.	
Рефлексивті-түзетуші	Белсене қатысқан балаларды мадақтау, марапаттау.	Өз бойларындағы жақсы қасиеттерге қызығушылықтарын білдіреді.

Күтілетін нәтиже:

Білуі керек: Қазақтың қолданбалы қолөнер бұйымдарының

Болуы керек: **Түскііз** - сәндік үшін төсектің тұсына ұстайтын үй жиһаздарының бірі

Ұйымдастырылған оқу іс-қызметінің технологиялық картасы №11

Күні: 12.11.2021 ж

Вариативтік бөлім: «Тәрбие- тал бесіктен»

Тақырыбы: «Ақ әжем»

Мақсаты: Балалардың отбасы туралы түсініктерін кеңейту. Ауыл тіршілігіне деген қызығушылығын арттыру. Тіл байлығын, сөздік қарым-қатынастарын дамыту. Үй жануарларын ажырата білуге үйрету.

Әдіс-тәсілдер: Әңгімелеу, сұрақ-жауап, түсіндіру, үйрету, көрсету.

Сөздік жұмыс: Әже, ою-өрнектер, киіз үй, сиыр, қой, жылқы, түйе.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Мотивациялық кезең	Шаттық шеңбері. Табиғатым тамаша, Көз тоймайды қараса Табиғатты аялап, Жүрейікші жараса. Сәлем саған, Жер-Ана Сәлем саған, Нұрлы Күн Аман-есен болайық, Бейбітшілік қалайық. — Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? — Күз мезгілінің ерекшелігі қандай?	Балалар сөздерді қайталайды Күз мезгілі Балалар сұраққа жауап береді
Ұйымдастырушы-іздеуші.	Әсем музыка әуені ойнайды. — Балалар, бәріміздің әжелеріміз бар ма? — Әжеміз алыста ауылда тұрады. — Сендер әжелеріңді сағындыңдар ма? — Олай болса, әжелеріміздің ауылына қонаққа барайық. Қане, бәріміз көзімізді жұмып ұшқыш кілемге отырайық. Ұшып келе жатырмыз, төменде биік таулар, салқын самал жел. Ауылға да келіп қалдық. Абайлаңдар, құлап қалмаңдар. Анау тұрған әдемі үй, біздің	

	әжемiздiң үйi шығар. (көздерiн ашады). Балалар көздерiн ашқанда алдарында әже тұрады. Әже: — Қайдан келдi бұл балалар? Амансыңдар ма, шырақтарым. Әже өз ауылының жабдықтарымен таныстырады. Балалар, қараңдаршы, мынау к иiз үй. Ата-бабамыз көшпендi кезеңде көп пайдаланған, қазiр де бар. Бұл үй – биiк, кең, жиналмалы, құрастырмалы. Бұндай үйлерде ертеректе ата-әжелерiмiз тұрған. Балалар әжелерiне арналған тақпақтарын айтады. Балалар, сендер қандай үй ж ануарын бiлесiңдер? (балалардың жауабын) Жұмбақ жасырайын, шешуiн тауып көрiңдершi. Кiшкене ғана бойы бар, Айналдырып киген тоны бар. Кезектi бiр жануар, Басында екi таяғы бар, Үстiнде екi тауы бар. Төрт аяғы сақалы бар. Өрiске ерте өредi, Бiздерге сүт бередi. Д.о. «Үй жануарларының төлiн тап» Суретпен жұмыс. «Орамалды әшекейлеу» Балалар әшекейлеген орамалды әжеге сыйлайды.	(қой) (Түйе) (Ешкі) (Сиыр)
Рефлексивті-түзетуші	Балалар оқу іс-әрекетіне жақсы қатыстыңдар. Мен сендерге ризамын.	

	Ұшқыш кілемге мініп, балабақшаға оралу	
--	--	--

Күтілетін нәтиже:

Нені білді: Туыстардың жақындығын, отбасындағы әженің орнын білді.

Нені игерді: Ұлттық жәдігерлер туралы мағұлмат алады.

Күні: 19.11.2021 ж

Вариативтік бөлім: «Тәрбие- тал бесіктен»

Тақырыбы: «Мен осындай адаммын».

Мақсаты : 1. Жақсы қасиеттер туралы қарапайым түсінік беру. Адамның жақсы қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту. 2. Бойларындағы жақсы қасиеттерін дамыту. 3. Адамгершілікке тәрбиелеу.

Көрнекілік құралдар: д хрестоматия, ойыншық жүрекше.

Сөздікпен жұмыс: қамқорлық, ізет, кішіпейілділік.

Қостілділік компоненті: мәдениетті-культурный, сыпайы-вежливый.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Мотивациялық кезең	Тәрбиеші балаларды шеңберге тұрғызып, «Шаттық шеңберін» өткізеді. Ө.Тұрманжановтың «Кел, балалар, күлейік» өлеңін ұнтаспаға қосылып балаларға айтқызады.	Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Қабак түйген не керек, Көңілді боп жүрейік! Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік!
Ұйымдастырушы-іздеуші.	Тәрбиеші балалармен әңгімелеседі. Тәрбиеші Е. Өтетілеуовтың «Ізгі сөздер» өлеңін оқып береді. Бақшамызға барғанда, Жолыққан бір жандарға, Ертемен, ақ пейілмен: «Қайырлы таң!»-деймін мен. Күндіз де елді елеімін: «Қайырлы күн!» тілеймін. Үйге кешке келемін, Не дерімді білемін: «Кеш жарық!»-деп кіремін. Жағдаяттар. -Далада серуен кезінде ойнап жүрген Дәулет	Балалар әңгімені тыңдай отырып, қиялдарын өрбітеді, сұрақтарға жауап беруге тырысады. Балалар жағдаяттар шығу жолдарын айтады:

	Алияны қағып кетті. Алия құлап қалды. -Сендер Дәулеттің орнында не істер едіңдер? -Балабақшадан қайтар кезде Серік киініп, үндеместен кетіп қалды. Ол нені ұмытты? Әңгімелеу. Ә. Дүйсенбиев «Мен – осындай адаммын!» -Шығармадағы бала қандай? Тыныштық сәті. -Балалар, денелеріңді түзу ұстап, бастарыңды жоғары көтеріп, ыңғайланып отырыңдар. Көздеріңді жұмсандар да болады. Ауаны терең жұтып, еркін тыныс алыңдар. Өздеріңнің тыныс алуларыңды бақылап, бақытқа, махаббат пен тыныштыққа толы таза, шипалы ауаның тұла бойларыңа толғанын сезініңдер. Ал енді көздеріңді ашсаңдар да болады. Дәйексөз. Тәрбиеші «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» нақыл сөзін дәйексөз ретінде түсіндіреді. Сергіту сәті: Бас, йық, тізе, саусақ. Бас, йық, тізе, саусақ. Саусақ, саусақ, саусақ. (саусақпен сартылдату) Бас, йық, тізе, саусақ. Бас, йық, тізе, саусақ.	-Дәулет Алиядан кешірім сұрап, түрегелуіне көмектесу керек. -Қоштасып, «Сау болыңыз» деп айтуды ұмытты. Өлеңді ынта-зейінмен тыңдайды. Мазмұнын айтады. -Шығармадағы бала еңбекшіл, жақсы бала. Балалар сергіту сәтін қимыл-қозғалыстар арқылы көрсетеді. Балалар суреттегі ұл бала мен қыз баланың игі істері туралы әңгімелеп береді.
--	---	--

	Көз, мұрын, көз, мұрын, Құлақ, ерін, құлақ, ерін. (жылдамдатып тез-тез қайталату) Ғажайып сөздер. «Қайырлы күн!», «Қайырлы таң!», «Сау болыңыз!», «Кешіріңіз!», «Өтінемін!», «Ғафу етіңіз!». Қорытындылау. -Жақсы бала болу үшін қандай қасиеттер қажет екен? Жүректен жүрекке.	Балалар сабақта айтып, үйренген өнегелі сөздерді қайталап айтады. -Шыншылдық, қамқор болу, адал болу, мәдениетті болу. -Дана, сен ақылдысың, сол үшін саған рақмет. -Арман, саған батырлы- ғың үшін рақмет.
Рефлексивті- түзетуші	Белсене қатысқан балаларды мадақтау, марапаттау.	Өз бойларындағы жақсы қасиеттерге қызығушы- лықтарын білдіреді.

Күтілетін нәтиже:

Білуі керек:

Балалар өз сезімдерін жеткізіп, айта білу керек.

Болуы керек:

Өлең-тақпақтың мазмұны бойынша сұраққа жауап беру дағдысы.

Істей білуі керек:

Жақсы қасиеттер жайлы әңгімелей білу керек.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы №13

Күні: 24.12.2021 ж

Вариативтік бөлім: «Тәрбие- тал бесіктен»

Тақырыбы: «Торсық. Қымыз құятын ыдыс»

Мақсаты: қазақтың ұлттық бұйымдары, тұрмыстық қолданбалы заттар туралы түсінік беру. Қымыз құятын торсық туралы мағлұмат беру. Ата-бабаларымыздың асыл мұрасын бағалап қастерлеуге тәрбиелеу. Өз халқының өнерін сүюге баулу

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Мотивациялық кезең	Тәрбиеші балаларды шеңберге тұрғызып, «Шаттық шеңберін» өткізеді. Ө.Тұрманжановтың «Кел, балалар, күлейік» өлеңін ұнтаспаға қосылып балаларға айтқызады.	Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Қабак түйген не керек, Көңілді боп жүрейік! Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік!
Ұйымдастырушы-іздеуші.	<i>Тосын сәт.</i> (торсықты көрсету) Балалар,бұл ұлттық бұйым-торсық.Торсыққа ұзақ жолға шыққан жолаушы (ержігіт) қымызды толтырып алып шығады,жолда ішкен қымыз,әрі шөл қандырады,әрі күш береді. Қымыз құятын ыдысты көрсету,оның пішініне, көлеміне, ою-өрнектермен әшекейленуіне, теріден жасалатынына, жеңіл болатынына назар аудару. Торсықтың бүйірі дөңгелек, мойыны жіңішке әрі ұзын болып келеді. Сергіту сәті: Бас, йық, тізе, саусақ. Бас, йық, тізе, саусақ. Саусақ, саусақ, саусақ. (саусақпен сартылдату)	Балалар сергіту сәтін қимыл-қозғалыстар арқылы көрсетеді.

	Бас, йық, тізе, саусақ. Бас, йық, тізе, саусақ. Көз, мұрын, көз, мұрын, Құлақ, ерін, құлақ, ерін. (жылдамдатып тез-тез қайталату) Торсыққа қандай сусындар құямыз? Шұбат, қымыз, айран сұйық заттардың барлығы құйылады. <i>Ыдыс жөнінде мақал-мәтелдер:</i> Қазан қайнап тұрса, Ақыл сайрап тұрады. Ыдысын көріп – асын іш. Қарны ашқан қазанға қарар. Қазанға не салсаң, шөмішке сол ілігер. <i>Ырым-тыйым сөздер айту:</i> - Ас ішкен ыдысты төңкеріп қоюға болмайды. - Тағам салынған ыдыстың бетін ашық қалдыруға болмайды.	
Рефлексивті- түзетуші	Балалар, бүгін ұлттық бұйымымыз-торсық ыдысымен таныстық -Торсық-шұбат,қымызды салқындатып сақтайтын ұлттық ыдыс.Жолаушыларға пайдасы өте мол екен.	Өз бойларындағы жақсы қасиеттерге қызығушылықтарын білдіреді.

Күтілетін нәтиже:

Білуі керек: қазақтың ұлттық бұйымдары

Болуы керек: Қымыз құятын торсық туралы мағлұмат

Істей білуі керек:

Жақсы қасиеттер жайлы әңгімелей білу керек.

Күні: 03.12.2021 ж

Вариативтік бөлім: «Тәрбие- тал бесіктен»

Тақырыбы: «Қазақтың ою-өрнектері»

Мақсаты: қазақтың ұлттық бұйымдары, тұрмыстық қолданбалы заттар туралы түсінік беру. Ою - өрнек туралы мағлұмат беру.

Баланың есте сақтау қабілетін, елесін дамыту. Балаларды шыдамдылыққа, ұқыптылыққа, шапшандыққа тәрбиелеу.

Қолданатын әдіс - тәсілдер:

Көрсету, түсіндіру, көркем сөз, жұмбақ шешу, ойын ойнату, қайталау, мадақтау.

Көрнекіліктер:

Киіз үй, үй жабдықтары әже суреттері; түрлі түсті картоннан қиылған ұлттық киім-кешектер мен жиһаздардың пішіндері.

Әркеттің кезеңдері	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Мотивациялы – ынталандыру кезең.	Амандасу Армысың шұғылалы алтын күн! Армысың мейірімді жер ана! Сәлеметсіздер ме қонақтар! Бәріміз күндей жарқырайық! Бәріміз тату дос болайық!	
Ұйымдастырушы-іздеуші.	Бұрынғы кезде біздің ата - бабаларымыз киіз үйде өмір сүрген. Сол киіз үйдің ішінде қазақтың ұлттық тұрмыстық бұйымдарын ұстаған. Қазақтың ұлттық тұрмыстық бұйымдарына сандық, көрпе, жастық, киіз, торсық,; киім-кешектерге - кимешек, кажекей, мәсі, сырмақ жатады. Қазақтың қай ұлттық бұйымы болмасын, ою - өрнексіз болмаған. Бүгін біздер ою - өрнектің «Қошқар мүйіз» деген түрімен танысамыз. «қошқар мүйіз» - ата бабаларымыздың отар - отар қойы болсын деген арман тілегін, молшылықты білдіреді. Тақпақ жаттату: Қазақта бір ою бар -«Қошқар мүйіз» Орын алар тұрағы, көрпе - киіз. Шеберлер осы өрнекпен сәндегенде Көз тартып құбылады оюымыз.	Ою - өрнектер.

	Қызықты сәт: Киіз үйде тұратын Әженің үйіне қонаққа бару. Әженің тапсырмасы: Жұмбақ. Кіруге адам батпайды Затыңды аман сақтайды.(сандық) Текшелеп төрге Жиғаным не? (көрпе, жастық) Тәрбиеші: Балалар! Қараңдаршы, әжеміздің киім-кешектеріне, жиһаздарына не жетіспейді? Тәрбиеші: Олай болса әженің киім-кешектері мен жиһаздарына ою - өрнектермен безендіріп берейік. Сергіту сәті: Орнымыздан тұрайық Қылқаламды қояйық Қолымызды созайық Оңға қарай иіліп, Белімізді жазайық. Айналаға қарайық Отырайық, тұрайық Бір тынығып алайық. Тынығып біз болған соң Әсем сурет салайық	Балалар түрлі - түсті қағаздан қиылған киімдер мен жиһаздарға ою салып болған соң, әжеге сыйға тарту етеді.
Рефлексиялық түзету кезең.	Қимылдық ойын: «Тақия тастамақ»	

Күтілетін нәтиже:

Нені білді: Ою - өрнек туралы мағлұмат

Қандай түсініктерді игерді: қазақтың ұлттық бұйымдары, тұрмыстық қолданбалы заттар туралы

Менгерген дағдылары мен іскерліктері: есте сақтау қабілетін, елесін дамыту.

Күні: 26.11.2021 ж

Вариативтік бөлім: «Тәрбие- тал бесіктен»

Тақырыбы: «Тостаған және ожау»

Мақсаты: қазақтың ұлттық бұйымдары, тұрмыстық қолданбалы заттар туралы түсінік беру. Тостаған және ожау туралы мағлұмат беру. Балалардың қазақтың ою - өрнектері туралы түсініктерін қалыптастыру. Ата-бабаларымыздың асыл мұрасын бағалап қастерлеуге тәрбиелеу. Өз халқының өнерін сүйеге баулу

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Мотивациялы – ынталандыру кезең.	Тәрбиеші балаларды шеңберге тұрғызып, «Шаттық шеңберін» өткізеді.	Қуан, шаттан, алақай, Қуанатын күн келді. Қайырлы таң! Қайырлы күн! Күліп шықты күн бүгін!
Ұйымдастырушы-іздеуші.	Ғажайып сәт: Тәрбиеші қонаққа қуыршақ Әсем келгенін айтады. - Балалар, біз – қазақ халқы қонақжай халықпыз. Халқымыз қонақты қарсы алу, шығарып салуға ерекше мән береді. Қонақты үй иесі қарсы алып, есікті өзі ашып, үйге енгізіп, соңынан өзі шығарып салады. Қуыршақ Әселге өзіміздің қонақжайлылығымызды көрсетейік. Тәрбиеші балалармен әңгіме өткізеді. Ыдыс – аяқ – күнделікті тамақты дайындап, ішіп жеу барысында пайдаланатын тұрмыстық заттар жиынтығы. Ыдыс – аяқты пайдалану жағдайына байланысты тамақ дайындайтын: кастрөлдер, табалар, қазан, ожау. Тамақ қабылдайтын: тәрелкелер, табақ, қасық, шанышқы, кесе, стақан, және тамақ сақтауға арналған ыдыстар деп бөлінеді. Біз бүгін қуыршақ Әселге дастархан	Балалар әңгімені тыңдай отырып, қиялдарын өрбітеді, сұрақтарға жауап беруге тырысады. Сурақтарға жауап береді

	жаямыз. Ол үшін алдымен мынадай жаңа сөздермен танысамыз. Сұрақ – жауап: - Мынау – шай шығаратын шайнек. Мынау – кішкентай қасық. Ол не үшін керек? - Мынау - саптыаяқ. Онымен шай ішеміз. - Дастарқан басында өзінді қалай ұстауың керек? - Кастрөл не үшін керек? Ал таба ше? Тәрбиеші дастарқан жаю ретін көрсетеді, түсіндіреді. - Дастарқанды жайып, үстіне дәмді әзірлеген тағамдарды қоямыз, содан кейін қасықтар мен шанышқыны қоямыз, шай ішетін ыдыстарды қоямыз. Дидактикалық ойын: «Қуыршақты тамақтандырамыз» - Қуыршақ Әсем сендерді «Қонақжай, сыпайы балалар екен», деп жатыр. Ол сендерге риза болды. - Ал, балалар, үйге келген қонаққа сыйлық беру керек. Біз қуыршаққа үйге барғанда сендерді есіне алып, тостаған сыйлаймыз.	Балалар саусақты бояуға батырып, тостаған суретінің үстінен із қалдырып әшекейлейді.
Рефлексивті-түзетуші	Ойын: «Көлеңкесін тап» Шарты: Балалар ыдыстардың көлеңкесін тауып орналастырады. - Балалар біз қуыршақ Әсемге тостағанымызды сыйлаймыз. Қуыршақпен қоштасу.	Тостаған ыдысы неден жасалатынын айтады.

Күтілетін нәтиже:

Білуі керек: қазақтың ұлттық бұйымдары

Болуы керек: Тостаған және ожау туралы мағлұмат

Істей білуі керек: тостаған суретінің әшекейлейді.

Күні: 24.12.2021 ж

Вариативтік бөлім: «Тәрбие- тал бесіктен»

Тақырыбы: «Менің есімім»

Мақсаты:балалардың өзіндік «Менің»ұғындыру.Өздерін тануға,өз ерекшеліктерін білуге үйрету.

Міндеттері:1.балалардың өзіндік «Менің»ұғындыру,түсіндіру. 2.өздерін тануға,өз ерекшеліктерін білуге үйрету. 3.Өз бастарын сыйлауға,бағалай білуге тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: сюжетті суретер

Кезеңдер	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті
Мотивациялық кезең	1.Шаттық шеңбері: Қ.Ыдырысовтың «Келші, келші, балашым» өлеңін оқу. 2.Әңгімелеу -Өлеңді тыңдап отырғанда қандай сезімде болдыңдар? -Өлеңнен не ұқтыңдар? Қандай жолдары естеріңде қалды? -Балалар біз бір-бірімізге ұқсаймыз ба?	-тыңдайды. -сұрақтарға жауап береді.
Ізденіс ұйымдастыру кезеңі	3.Ойын «Өзімізді мақтайық» Шарты:өз бойларындағы жақсы қасиеттерін айтады. -жүректің суретін салу Әңгімелеу: Ж.Саинның «Кім болам?» өлеңін оқу. Ғажайып сөздер -Мен жақсы баламын; -мен ерекше баламын; -мен өзімді жақсы көремін; -менің қолымнан бәрі келеді.	-зейін қойып тыңдайды. -жүректің суретін салады.
Рефлексия	7.Қорытындылау -Бүгін не туралы әңгімелестік? -Жақсы адам болу үшін қандай болу керек? 8.Жүректен жүрекке Үнтаспадан Қ.Ыдырысовтың «Келші, келші, балашым» әнін қосылып айтады.	-қайталап айтады. -Өткенді естеріне түсіріп,сұрақтарға жауап береді.

Білу:ерекше бала қандай болатынын түсіну.

Игеру: әр бала ерекше екені туралы түсінік алу.

Меңгеру:ғажайып сөздерді меңгеріп алу.

Күні: 31.12.2021 ж

Вариативтік бөлім: «Тәрбие- тал бесіктен»

Тақырыбы: «Төлдер жыры»

Мақсаты: Балалардың төрт түлік мал туралы түсініктерін кеңейте отырып, халқымыздың төрт түлікті дәріптеген өлең жырлар, әңгімелер арқылы танымын, жан-жануарлар туралы түсініктерін арттыру, жылқылардың басқа малдардан айырмашылығын таныту, сөздік қорын байыту, тіл байлықтарын дамыту, ұлттық тағамдар түрлері туралы ұғымын пысықтап, тиянақтап, көбірек білуге ынталарын ояту, балалардың тазалыққа, бір-бірін сыйлауға тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілі: түсіндіру, әңгімелеу, көрсету.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Мотивациялы – ынталандыру кезең.	-Балалар, бүгін біз сендермен саяхатқа шығамыз. Қане көздеріңді жұмыңдаршы, енді ашайық. Балалар , біз жайлауға келдік. Қане, қалай демаламыз? Бәріміз таза ауамен дем алайықшы. Қараңдаршы жайлауда не жайылып жүр екен? (Осы кезде өрісте жүрген малдардың дауыстар қойылады. - Осы үй жануарлары сендердің үйлеріңде бар ма? - Олар қайда жайылып жүр?	Қойлар, сиырлар, ешкілер, жылқылар, түйелер. жайлауда немесе өрісте жүр.
Ұйымдастырушы- іздеуші.	« <i>Мал қалай дыбыстайды?</i> » деген ойын ойнаймыз. Ойынның шарты: Тақтада үй жануарлар берілген. Қазір мен сендерге төрт түліктің дыбыстарын қосқанда, сендер ненің дыбысы екенін тауып алу керексіңдер. Ойынның мақсаты: Қандай төрт түліктің дыбысы екенін тауып алу. Оларды атау. <u>Сергіту сәті:</u> Қошақаным тұршы, Беті –қолыңды жушы., Айнаға қарашы, Шашыңды тарашы.	

	Орныңа отыршы. Ал енді балалар суретке қарайық. -Балалар тақтада ненің суреттерін көріп тұрсыңдар? -Дұрыс, айтасыңдар. Ал енді осы малдардың әрқайсына тоқталайық. -Мынау ненің суреті? -Дұрыс, сиыр. Сиырдың пайдасы қандай? Одан не аламыз? Сиырдың төлін -бұзау дейміз. Сиырдан біз сүт, ет, тері аламыз. Ал сүттен қаймақ, май, ірімшік, айран аламыз. Сиырдың атасы -Зеңгі баба. Келесі ненің суреті? -Дұрыс, жылқы. Жылқының пайдасы қандай? Одан не аламыз? Жылқының төлі-құлын. Жылқыны көлік ретінде пайдаланамыз. Көбінесе, арбаға жегеміз.(отын, шөп, су, жүк тасығанда) Жылқыдан біз сүт, ет, тері аламыз Сүтінен қымыз жасайды .Қымыз-шипалы сусын. Оны өкпе ауруына емдік ретінде қолданады. Жылқы жем, су, шөп жейді.Жылқының атасы-Қамбар ата. Оны құрау-құрау деп шақырады. Келесі ненің суреті? -Дұрыс, қой. Қойдың пайдасы қандай? Одан не аламыз? . Келесі ненің суреті? Келесі ненің суреті? -Дұрыс, түйе. Түйенің төлі-бота. Түйе киелі жануар.	Сиырды аухау-аухау деп шақырамыз. Сиыр шөп, су, жем жейді. Қойдың төлі-қошақан.Қойды Шопан ата бағады. Қойды пұшайт-пұшайт деп шағырады. Қойдан ет, жүн, тері аламыз. Жүннен әжелер байпақ, , қолғақ т.б тоқиды
--	--	---

	Ол ұзақ уақыт бойы су ішпей жүре алады. Түйенің атасы-Ойсылқара. Түйені көс-көс деп шақырады. Түйені көлік ретінде пайдаланамыз. Түйенің сүтін сусын ретінде ішеді. Шұбат ашытады. Ол-айраннан сұйық, қымыздан қою. Оның емдік те қасиеті бар. Ойын: «Төлін тап» Ойынның мақсаты: Малдардың төлін тауып алу.Төлдерін атау. <i>Жұмбақтар</i> <i>Кішкене ғана бойы бар, Айналдырып киген тоны бар.</i> <i>Екі айнасы бар, Екі найзасы бар, Төрт жылтырмағы бар, Бір шыбыртқысы бар.</i> <i>Кезікті бір жануар, Үстінде екі тауы бар</i> Төрт түлік малдар туралы тыйым сөздерді <u>Малды теппе. Ақты төкпе. Малды ұрма.</u>	Ешкінің төл-лақ. Ешкі шөре-шөре деп шақырады. Ешкіден ет, түбіт аламыз. Әжелеріміз түбіттен шәлі, байпақ, қолғақ тоқиды. Түйе қой) сиыр түйе
Рефлексивті-түзетуші	Балалар сендерге саяхат ұнады ма? Не ұнады? Біз бүгін көп нәрсені біліп көрсете білдік. Яғни төрт түлік малдардың қалай дауыстайтынын, олардың төлдерін, пайдасын біліп үйрендік.	Балалардың жауаптары

Күтілетін нәтиже:

Білуі керек: төрт түлік мал туралы түсініктерін

Болуы керек: халқымыздың төрт түлікті дәріптеген өлең жырлар

Істей білуі керек: ұлттық тағамдар түрлері туралы ұғымын пысықтау

Күні: 07.01.2022 ж

Вариативтік бөлім: «Тәрбие- тал бесіктен»

Тақырыбы: «Әдепті және әдепсіз қылықтары талдау»(Сурет бойынша әңгіме)

Мақсаты: Балаларға әдептілік жайлы мағлұмат беру. Әдепті болуға үйрету, ойлау қабілетін және шығармашылығын дамыту. Әдептілік әлеміне бару барысында балаларға әдептілік ұғымының мағынасын ашу. Адалдыққа, мейірімділікке кішіпейілділікке тәрбиелеу. Мақал - мәтел арқылы баланың есте сақтау қабілетін арттыру.

Көрнекілік: тақырыпқа байланысты суреттер, әдептілік туралы мақал - мәтелдер, дидактикалық ойын

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Мотивациялы – ынталандыру кезеңі.	Шаттық шеңбері: Біз әдепті баламыз Айтқан тілді аламыз Үлкендерге жол беріп, Біз ақылды боламыз!	
Ұйымдастырушы-іздеуші.	Әдептілік – адамдардың өзара жақсы қарым - қатынасының, жүріс - тұрысының, үлкенді сыйлау, кішіпейіл бола білу белгісі екен. Сондықтан күнделікті өмірде әдептілік белгілерін дұрыс пайдалана білу керек. Төмендегі тапқартарға назар аударайық: «Не деу керек?» Апаң сенің базардан, Алма сатып әперді. Ең үлкенін, жақсысын, Саған таңдап әперді. Не барып жеу керек? Балалар жүр көшеде, Естілді шу – айхай. Сенде шықтың досыңды, Қағып кеттің байқамай. Мұндайда не деу керек? Осы келген бетінде, Допты қудың жарыстың. Көшенің сол шетінде	Рахмет, апа «Кешіріңіз!» деу керек.

	Кезікті бір апайың Ұмыттың сен не деуді? әдептілік жайлы суреттер көрсетеді, әдептілік туралы әңгіме айтып береді. - Балалар, суретте қараңдаршы мына бала атаға орын бермеді, онысы дұрыс па? - Ал, мына бала орын берді, ол дұрыс істеді ме? - Балалар, біз үлкендерді сыйлауымыз керек, автобуста үлкендерге орын беру керек. Таныс адамды көрсек міндетті түрде амандасу керек. - Ал мына суретте үстел үстінде тамақ ішіп отырған бала барлық тәтті тамақтарды алдына үйіп алыпты, осы істеген ісі дұрыс па? - Енді мына суретке назар салайықшы. Дүкеннен келе жатқан апаның сөмкесін мына бала көтеріп келе жатыр. Бұл ісі дұрыс па? - Дұрыс айтасыңдар. Бұл бала әдепті бала екен. Біздің тобымыздағы барлық бала - әдепті бала, өйткені балабақшаға келетін балдырғандар ақылды, білімді, тәрбиелі болып қалыптасады. Өскенде егемен еліміздің толыққанды азаматы боласыңдар. Мақал - мәтел: 1. Әдепті бала - арлы бала, Әдепсіз бала - сорлы бала. 2. Сіз деген - әдеп, Біз деген - көмек. 3. Басыңа іс түссе, Жақсы көмек етеді, Жаман күліп кетеді.	Сәлеметсіз бе?» деу керек. Жоқ, дұрыс емес. - Ия, дұрыс істеді. Жоқ, дұрыс емес. Дұрыс
Рефлексивті- түзетуші	<i>Дидактикалық ойын: "Жақсы мен жаман"</i> <i>Шарты: Балалар жақсы мен жаман</i>	

	<i>әдеттерді ажыратып айту керек. Балалар сонымен бүгін біз әдептілік туралы көп нәрсе үйрендік. Әдепті адам жамандықты жақсылыққа аударып, өзінің ақылдылығын таныта білуі керек.</i>	
--	---	--

Күтілетін нәтиже:

Білуі керек: әдептілік жайлы мағлұмат

Болуы керек: Әдепті болуға

Істей білуі керек: Мақал - мәтел арқылы баланың есте сақтау қабілетін арттыру.

Күні: 14.01.2022 ж

Вариативтік бөлім: «Тәрбие- тал бесіктен»

Тақырыбы: «Тіл-қазақ қазынасы»

Мақсаты: балалар өз тілін ардақтап тұрып, құрметтеуге үйренеді. Ана тілінің қадір қасиетін түсініп өскен баланың жақсылыққа жаны құмар, таза, инабатты, сыпайы болып өсетіндігін және ұлттық қасиеттерімізді жоғалтпаудың бірден-бір қайнар көзі екендігін айтып түсіндіру.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Мотивациялы – ынталандыру кезең.	Шаттық шеңбері: Біз әдепті баламыз Айтқан тілді аламыз Үлкендерге жол беріп, Біз ақылды боламыз!	
Ұйымдастырушы-іздеуші.	Балалар, біз қай республикада тұрамыз? Нұр-сұлтан - жас қалам. Бірің - ай, бірің - күн, - Қане, айтайықшы, біз қай ұлтпыз? - Дұрыс айтасыңдар. Біздің ұлтымыз қазақ, біздің тіліміз - қазақ тілі. Басқа ұлттармен сөйлескен кезде орыс тілінде сөйлейміз. Өйткені орыс тілі көптеген ұлттардың ортақ тілі (осы кезде залға ұлттық киімін киген орыс қызы кіреді). Бізге қонақ келді. Аты-жөнін сұрайық кім екен? - Как тебя зовут? - Наташа. - Балалар, Наташа қайтілде сөйлеп тұр. - Мен қазақ тілінде де өте жақсы түсініп, сөйлеймін, - деді Наташа. Тәрбиеші: - Олай болса, Наташа, сен біздің балаларға бір тақпақ айтып бересің бе? Наташа: - Жарайды. Ана тілің — жан арың Тіліңді үйрен күнде сен, Ол іс деме жай ғана.	Қазақстан

	Өз тілінді білмесең, "Білгішпін" деп ойлама. Өзге тілді үйренсең, Өркендейді адамдық Өз тіліңнен жиренсең, Өлім, қылмыс, надандық. Ақ сүтіндей ананың, Ана тілің - жан арың.Ә. Табылдиев. Тәрбиеші: - Қандай жақсы айттың, Наташа, сен бізге қонақ болып отыра ғой. Балалар, көрдіңдер ме, Наташа өз ана тілімен бірге біздің қазақ тілін де өте жақсы біледі екен. Көп тіл білу білімділікке жатады. Адамзат жаралғалы бері ана тілі ар-ождан, адамгершілік айнасы болып келеді. Ана тілі - әр халықтың өзінің төл белгісі. Әрбір адам ана тілімен бақытты, ана тілімен биік, әрі асқақ- Өз елінің, жеріңнің, халқыңның мерей-мәртебесін биіктету үшін қазынаң - ана тілін жетік білу қажет. Балалар, Қазақстан Республикасында көптеген ұлт өкілдері тұрады. - Ал сендер қай тілде сөйлесесіңдер? - Балалар, біз неге өз тілімізді - ана тілі дейміз? Тәрбиеші: - Дұрыс айтасың. Тіл - рухани байлықтың бағажетпес құдіретті, қуатты қайнар бұлағы. Оның бұлағынан жас бала ана сүтімен ауызданады, алғашқы күннен бастап сөйлеуді үйреніп , тілі шыға бастайды Анамның тілі - айбыным менің Анамның тілі - ай, күнім менің Сүйемін байтақ- елімді туған Сүйемін байтақ - өмірді думан Әр адамның өз анасынан басқа	Ана тілінде
--	---	--------------------

	Болу керек құдіретті төрт ана Туған жері - түп қазығы айбыны, Туған тілі – сатылмайтын байлығы Туған дәстүр салт-санасы тірегі, Тағдырына шуақ шашар үнемі. М, Мақатаев. Тәрбиеші: - Балалар осы өлең-тақпақтарда айтылғандай өз тілімізді қадірлеп оны сүйе білуіміз керек. Айта кететін болсам, ақын О. Тәжібаевтың төрт жол өлеңі жүрегімді тербейді. Ана тілім - тірлігімнің айғағы, Тіл барда, айтылар сөз ойдағы. Өссе тілім, менде бірге өсемін, Өшсе тілім, мен де бірге өшемін. О.Тәжібаев.	
Рефлексивті- түзетуші	Біз өмірге келген күннен бастап бұл тілді анамыздың аузынан естиміз. Осы тіл арқылы бүкіл жақсы қасиеттерді бойымызға жиямыз. Сондықтан да анамыз сөйлеген тілді ана тілі дейміз.	

Күтілетін нәтиже:

Білу: Ана тілін құрметтеуге үйренеді

Игеру. Ана тілі туралы өз ойларын айта алады.

Күні: 21.01.2022 ж

Вариативтік бөлім: «Тәрбие- тал бесіктен»

Тақырып: Туған күн

Мақсаты : 1.Жақсылық, қуаныш ұғымдары туралы түсінік беру. 2.Туған күн қуанышы туралы түсінік беру. Өзара сыйластық, сүйіспеншілік сезімдерін дамыту.3. Сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Сөздікпен жұмыс: Жақсы тілек, жақсы сөз, туған күн

Көрнекілік құралдар: Суреттер

Қостілділік компоненті: Туған күн – день рождения.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Мотивациялы – ынталандыру кезең.	Тәрбиеші балаларды шеңберге тұрғызып, «Шаттық шеңберін» өткізеді.	Қуан, шаттан, алақай, Қуанатын күн келді. Қайырлы таң! Қайырлы күн! Күліп шықты күн бүгін!
Ұйымдастырушы- іздеуші.	Қуаныш көңілді сергітеді Нақыл сөз. Тәрбиеші балалармен әңгі-мелеседі. -Сен үшін отбасыңда қай күн ең қуанышты күн? - Балалар, туған күн – әр адамның өміріндегі ең жақсы, ең маңызды мерекелердің бірі. Адам дүниеге келгенде айналасындағылардың бәрі қуанады. -Біз туған күн жасағанда мол дастарқан жаямыз, сыйлықтар аламыз. - Туған күнде жылы лебіздер мен жақсы тілектер айтылады.	Балалар әңгімені тыңдай отырып, қиялдарын өрбітеді, сұрақтарға жауап беруге тырысады. Балалар бір-біріне туған күнге байланысты жақсы тілектер айтады. -Туған күніңмен құттықтаймын. -Саған мықты денсаулық тілеймін.

	- Сондай жақсы тілектерді бір-бірлеріңе айтыңдаршы. Сергіту сәті: Ал, балалар тұрайық Алақанды ұрайық Бір отырып, бір тұрып Біз тынығып алайық	-Сабағыңды жақсы оқы. Балалар тәрбиешінің оқыған өлеңін қызыға тыңдайды.
Рефлексивті-түзетуші	Белсене қатысқан балаларды мадақтау, марапаттау.	Балалар туған күн мерекесіне деген ерекше қызығушылықтарын білдіреді.

Күтілетін нәтиже:

Білуі керек: Балалар өз сезімдерін жеткізіп, айта білу керек.

Болуы керек: Өлең-тақпақтың мазмұны бойынша сұраққа жауап беру дағдысы.

Істей білуі керек: Туған күн мерекесі жайлы әңгімелей білу керек.

Күні: 28.01.2022 ж

Вариативтік бөлім: «Тәрбие- тал бесіктен»

Тақырыбы: «Лақ, торпақ, қозы, бота»

Мақсаты: Ұй жануарлары және олардың төлдерімен таныстыру, ұй жануарлары жайлы түсініктерін, білімдерін қалыптастыру, кейбір ерекшеліктерін айтып, ажырата білуді үйрету.

Тақпақ жаттату, әңгімелеу арқылы есте сақтау, ойлау қабілеттерін арттыру, өз ойларын еркін, әрі нақты жеткізе білуге дағдыландыру, ойын арқылы сөздік қорларын молайту.

Жануарларға қамқорлық жасауға, оларға сүйіспеншілікпен қарай білуге тәрбиелеу.

Әдіс - тәсілі: Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ - жауап, ойын, үн таспадан көрсету.

Көрнекіліктер: Ұй жануарларының суреттері, үн таспа, төрт түліктің өнімдері.

Қостілділік компоненті: Лақ - козленок, торпақ - теленок, қозы - ягненок.

Кезеңдер	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті
Мотивация-лық кезең	Жылулық шеңбері: Армысың, Алтын күн! Аманбысың, жер - Ана! Амансың ба, достарым!	
Ізденіс ұйымдас-тыру кезеңі	- Балалар, бүгін біз ұй жануарлары - мен, олардың тіршілігімен танысамыз. Табиғаттың бір бөлігі жануарлар мен құстар. Жануарлар екіге бөлінеді: ұй жануарлары және дала жануарлар (аңдар). - Ұй жануарларының табиғаттағы орны ерекше, әрі қызықты. - Ауылға аталарыңның, апаларыңның үйіне барғанда ұй жануарларын көргендерің бар ма? - Ұй жануарларының суреттерін көрсетіп, таныстыру. - Ұй жануарларын атаңдар. - Оларды неге ұй жануарлары дейді? - Дұрыс, өйткені олар адамдардың маңайында, аулада тіршілік етеді екен. - Ұй жануарлардың төлдерін қалай атайды? - Олардың адамдарға қандай пайдасы	

Рефлексия	бар? Алдын - ала дайындалған үй жануарларының өнімдерін көрсету. (сүт, қатық, құрт, май, жүн) Сонымен бірге көлік ретінде пайдаланады.(Жүк тасиды, арбаға жегеді). Қай жануар қалай дауыстайды? Теледидардан үн таспа көрсету. Жақсы, балалар ендеше осы үй жануарлары туралы қандай тақпақтар білесіңдер? Қайда қалып қойдың? Бұлтиып бір бүйірің, Қай өрістен тойдың? Секең, секең ей лақ, Жүрмін саған кейіп - ақ. Тыным тапсаң болмай ма? Секеңдемей бір уақ. Томпаң, томпаң торай, Дауысының зорын - ай. Дөкей бола қалыпсың, Толысымен он ай. Қошақаны қойдың, - Балалар, бүгін біз қандай жануарлармен таныстық? - Неге оларды үй жануарлары деп атайды екенбіз? - Үй жануарлардың төлдерін қалай атайды? - Үй жануарлары қалай дауыстайды? - Адамдарға қандай пайдасы, беретін өнімі бар?	Балалар қойылған сұрақтарға жауап береді, әңгімелейді. Үй жануарларын дала жануарларынан бөліп жылы қораға қамайды. Шөп салады, су береді, жем береді.(әр жануарға жеке - жеке сипаттама беріп отырады. Пайдасы, беретін өнімі, төлін қалай атайды, қалай дауыстайды) Қойылған сұрақтарға толық, әрі нақты жауап береді.
-----------	---	---

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: Үй жануарларын ажыратып, төлдерін білу керек. Қойылған сұрақтарға толық, әрі нақты жауап бере білу керек.

Болу керек: Қызығушылықтары, ынталары болу керек.

Істей білу керек: Үй жануарларын дала жануарларынан ажыратып, бөлек жинай білу керек

Күні: 04.02.2022 ж

Вариативтік бөлім: «Тәрбие- тал бесіктен»

Тақырыбы: «Мен қандай баламын»

Мақсаты:балалардың өзіндік «Менің»ұғындыру.Өздерін тануға,өз ерекшеліктерін білуге үйрету.

Міндеттері:1.балалардың өзіндік «Менің»ұғындыру,түсіндіру. 2.өздерін тануға,өз ерекшеліктерін білуге үйрету. 3.Өз бастарын сыйлауға,бағалай білуге тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар:дәптер, «Өзін-өзі тану»әлемінің картасы,түрлі-түсті қарындаштар.

Әдіс-тәсілдер:түсіндіру,көрсету,әңгімелеу,сұра-жауап.

Кезеңдер	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті
Мотивациялық кезең	1.Шаттық шеңбері: Қ.Ыдырысовтың «Келші, келші, балашым» өлеңін оқу. 2.Әңгімелеу -Өлеңді тыңдап отырғанда қандай сезімде болдыңдар? -Өлеңнен не ұқтыңдар? Қандай жолдары естеріңде қалды? -Балалар біз бір-бірімізге ұқсаймыз ба?	-тыңдайды. -сұрақтарға жауап береді.
Ізденіс ұйымдастыру кезеңі	3.Ойын «Өзімізді мақтайық» Шарты:өз бойларындағы жақсы қасиеттерін айтады. 4.Дәптермен жұмыс -жүректің суретін салу 5.Әңгімелеу: Ж.Саинның «Кім болам?» өлеңін оқу. 6.Ғажайып сөздер -Мен жақсы баламын; -мен ерекше баламын; -мен өзімді жақсы көремін; -менің қолымнан бәрі келеді.	-зейін қойып тыңдайды. -жүректің суретін салады.
Рефлексия	7.Қорытындылау -Бүгін не туралы әңгімелестік? -Жақсы адам болу үшін қандай болу керек? 8.Жүректен жүрекке Үнтаспадан Қ.Ыдырысовтың «Келші, келші, балашым» әнін қосылып айтады.	-Өткенді естеріне түсіріп, сұрақтарға жауап береді.

Білу:ерекше бала қандай болатынын түсіну.

Игеру: әр бала ерекше екені туралы түсінік алу.

Меңгеру:ғажайып сөздерді меңгеріп алу

Күні: 11.02.2022 ж

Вариативтік бөлім: «Тәрбие- тал бесіктен»

тақырыбы: «Адал дос»

Мақсаты: «Достық» құндылығы туралы түсініктерін одан әрі жетілдіру.

Міндеттері: 1. Достар арасындағы сыйластық, достық, сүйіспеншілік туралы түсініктерін кеңейту. 2. Өзара сыйластық қарым-қатынастарын дамыту. 3. Бір-бірімен тату, дос болуға тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: қағаз, түрлі түсті қарындаштар, сюжеттік суреттер.

Әдіс-тәсілдер: сұрақ-жауап, түсіндіру, әңгімелеу, көрсету.

Кезеңдер	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті
Мотивациялық кезең Ізденіс ұйымдастыру кезеңі	1. Шаттық шеңбері: «Дос болайық бәріміз» 2. Әңгімелесу - Достар, достық туралы әңгімелесу. - «Досты қалай табу туралы ертегі» оқу - Сұрақ-жауап арқылы талдау. 3. Ойын «Менің досым» Шарты: лақтырған допты қағып алып, тәрбие-шінің қойған сұрағына жауап беру керек. 4. Сергіту сәті Достар бірге жүреміз, Бірге ойнаймыз, күлеміз. Бірге балық аулаймыз, Міне, біздер қандаймыз! Бөлінбейді іргеміз, Әрқашанда біргеміз.	- Бірге айтады. - зейін қойып тың-дайды. - қимыл жасайды.
Рефлексия	5. Дәйексөз: «Дос-бәрінен де қымбат» 6. Тапсырма: досыңа сыйлайтын сый-лығыңның суретін сал және сол туралы әңгімелеп бер. 7. Қорытындылау - Балалар, бүгін біз не туралы білдік? - «Дос» деген кім?, «Достық» деген не? - Сендердің ең жақын достарың бар ма? - Балалардың жауаптарын бағалау. 8. Жүректен жүрекке: «Дос болайық біріміз» тыңдау.	- дәптердегі тапсыр-маны орындайды. - Сұрақтарға жауап беру. - өлең жолдарын тың-дайды.

Білу: «Дос», «Достық» туралы түсінік алу.

Игеру: достың қандай болуы керектігін түсіну.

Меңгеру: жаңа сөздерді меңгеріп алу.

Күні: 18.02.2022 ж

Вариативтік бөлім: «Тәрбие- тал бесіктен»

Тақырыбы: Достық пен бірлік.

Мақсаты: «Достық» құндылығы туралы түсініктерін одан әрі жетілдіру.

Міндеттері: 1. өзара сыйластық, достық, сүйіспеншілік туралы түсінік беру. 2. өзара сыйластық қарым-қатынастарын дамыту. 3. бір-бірімен тату, дос болуға тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: дәптер, түрлі түсті қарындаштар, сюжеттік суреттер, карта.

Әдіс-тәсілдер: сұрақ-жауап, түсіндіру, әңгімелеу, көрсету.

Кезеңдер	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті
Мотивация-лық кезең Ізденіс ұйымдас-тыру кезеңі	1. Шаттық шеңбері: Х.Талғаровтың «Дос болай-ық бәріміз» өлеңі. 2. Әңгімелеу: - Балалардың назарын «Өзін-өзі тану» әлемінің картасындағы «Достық» аялдамасына аудару. - Аялдамадағы суретке қарап әңгіме құрайды. - Сендерге жалғыз серуендеген немесе ойнаған ұнай ма? 3. Дәйексөз: «Дос-бәрінен де қымбат». - Мақалдың мағынасын түсіндіру. 4. Өзіммен-өзім: - Өзімізге досты қалай табамыз? - Неліктен дос керек деп ойлайсыңдар? 5. Ойын: «Досыңды тап» Шарты: балалар екі топқа бөлінеді. Бір топтың балаларының көздері таңылып, өз достарын та-нып, табу ұсынылады. Олар өз досын қолын, шашын, киімдерін ұстап, сипау арқылы табуына болады. Достарын тапқаннан соң орындарын ауыстырады. 6. Қимылды ойын: «Поезд» Ойын шарты: 2 топқа бөлу. Балалар бір-бірінің белінен ұстап поезд болады, 2 топ балалары «Поезд» әнін айтады. 7. Тапсырма: - «Достасу қадамдарын» үлкендермен бірге оқи-ды. Қадамдарды бояйды. 8. Жағдаят шешу: 1. - Ғани қандай дұрыс шешім қабылдады?	- бірігіп айтады. - балалардың жауаптары тыңдалады. - бірге қайталайды. - зал боймен жүріп, әннің сөздерін айтады. - дәптермен жұмыс жасайды. - жағдаяттарды тыңдап, өз білгендерін, өз ойларын ортаға салады.

Рефлексия	-Достасудың қандай ережесін шығарар едіңдер? 2.-Рүстеммен балалар неге ойнағысы келмеді? -Балалардың неліктен Рүстеммен ойнағылары келді? -Осыдан қандай ереже шығаруға болады? 3.-Ғанидың досына жасаған ескертуі орынды ма? -Сендер жолдастарына дұрыс емес қылықтарын айтасыңдар ма? «Достық ережесі» 9.Қорытындылау -Бүгін біз не туралы әңгімелестік? -Дос қандай болуы керек? -Достық ережесін қайталау. 10.Жүректен жүрекке: «Дос болайық бәріміз» әнін бірге айтады.	-бір-бірлерінің жауаптарын талдайды,бағалайды.
-----------	--	--

Білу: достық туралы түсінік алу.

Игеру:ең қымбат адам дос екенің түсіну.

Меңгеру: дәйексөзді меңгеріп алу.

Күні: 25.02.2022 ж

Вариативтік бөлім: «Тәрбие- тал бесіктен»

тақырыбы:Менің үйдегі достарым.

Мақсаты: «қамқорлық» ұғымы туралы түсініктерін кеңейту.

Міндеттері:1.үй жануарларына қамқорлық жасау туралы түсініктерін кеңейту. 2. үй жануарларына қамқорлық жасай бі-лу дағдыларын дамыту. 3.Қамқорлыққа тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: сюжетті суреттер.

Әдіс-тәсілдер:сұрақ-жауап,түсіндіру,әңгімелеу,көрсету.

Кезеңдер	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті
Мотивация-лық кезең	1.Шаттық шеңбері: ойыншық күшікке өз сүйіс-пеншіліктерін білдіреді.	-жылы сөздер айтады.
Ізденіс ұйымдас-тыру кезеңі	-Сен қандай сүйкімдісің.	
	-Сен қандай әдемісің.	
Ізденіс ұйымдас-тыру кезеңі	-Сен менің досымсың.	
	2.Әңгімелесу	-сұрақ-жауап.
Ізденіс ұйымдас-тыру кезеңі	-Балалар,сендер қандай үй жануарларын жақсы көресіңдер?	-аңызды тыңдап,сұрақтарға жауап береді.
	-Оларға қандай қамқорлық жасауға болады?	
Ізденіс ұйымдас-тыру кезеңі	3.Әңгімелеу: «Жеті қазынаның бірі» аңыз.	
	-Ит неліктен достыққа адамды таңдады?	
Ізденіс ұйымдас-тыру кезеңі	- «Ит –адамның досы» деп неліктен айтады?	-қимыл жасайды.
	4.Өлең жолдарын оқу: «Ақ лақ», «Қозы», «Күші-гім», «Шөжелерім», «Ақ бұзау».	
Ізденіс ұйымдас-тыру кезеңі	5.Дәйексөз: «Ит-жеті қазынан бірі» нақыл сөз.	
	6.Сергіту сәті:	-өзі жақсы көретін жануар-дың суретін салады.
Рефлексия	Көтеріліп шаңырақ	
	Кергелер керіліп,	-сөздерді қайталайды.
Рефлексия	Өрімдей боп өріліп,	
	Уықтар боп иіліп,	-сұрақтарға жауап береді.
Рефлексия	Шаңыраққа киіліп,	
	Бәріміз жүрсек айналып,	
Рефлексия	Киіз үй боп көрінер.	

7.Суретпен жұмыс: кішкентай достарының суретін салыңдар. 8.Тыныштық сәті. 9.Ғажайып сөздер: Ит-адамның досы, көмекшісі. 10.Қорытындылау -Біздер кішкентай достарымыз деп нелерді айта аламыз? -Неліктен итті жеті қазынаның бірі дейді? -Жылы лебіздерін білдіру. 11.Жүректен жүрекке Қолдарын жүректеріне қойып, «Мен кішкентай достарымды жақсы көремін, өйткені ...» деп өз ойларын айтады.	-өз ойларын айтады.
---	----------------------------

Білу: кішкентай достар туралы түсінік алу.

Игеру: жануарларға әрқашан қамқор болу керек екенің түсіну.

Күні: 04.0.2022 ж

Вариативтік бөлім: «Тәрбие- тал бесіктен»

Тақырыбы: «Сәлемдесе білемін»

Мақсаты:балаларға «жақсы сөздің» адамдарға әсері туралы түсіндіру.

Міндеттері:1.адам бойындағы құнды қасиеттер туралы түсініктерін кеңейту. 2.өзіне деген сенімділігін дамыту.

Көрнекілік: қағаз,түрлі түсті қарындаштар,сюжетті суреттер.

Әдіс-тәсілдер:сұрақ-жауап,түсіндіру,әңгімелеу,көрсету.

Кезеңдер	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті
Мотивация-лық кезең Ізденіс ұйымдас-тыру кезеңі	1.Шаттық шеңбері: Ә.Дүйсенбиевтің «Не деу керек?» өлеңін оқу. 2.Әңгімелесу -Жаңа орындалған өлеңнен не түсіндіңдер? 3. Әңгімелеу: «Сыпайы қоян» ертегісі. Ертегі желісі бойынша сұрақтар қою. -Қоянды қатерден не құтқарды? -Жылан неліктен қоянға тимеді? Әңгіме: «Жақсы мен жаман». -Гүлдің жабырқауына не себеп болды? -Арам шөптің қылығын қалай бағалар едіңдер? 4.Дәйексөз: «Жақсы сөз-жанға қуат». 5.Тыныштық сәті. 6.Ойын: «Не деу керек?» Шарты:сыпайы,әдепті сөздерді айту. 7.Ғажайып сөздер:жолың болсын;құтты болсын;аман бол;қайырлы күн;күнің сәтті болсын. 8.Сергіту сәті: Орнымыздан тұрамыз, Қолды белге қоямыз. Бұрыламыз оңға бір, Бұрыламыз солға бір. Біз бақытты баламыз, Гүл-гүл жайнап жанамыз. Жаттығулар жасасақ, Жақсы сергіп қаламыз. 9.Қорытынды -Бүгін қандай сөздермен таныстық? -Әдепті бала қандай сөздер айтады? 10.Жүректен жүрекке.	-тыңдайды. -сұрақтарға жауап береді. -ертегінің мазмұнын сұрақ-жауап арқылы талдайды. -әпті сөздерді айтады. -сөздерді қайталау. -қимыл-қозғалыс жасайды. -өткенді естеріне салып, сұрақтарға жауап береді.
Рефлексия		

Білу: әдептілік туралы түсінік алу.

Игеру:әдепті,сыпайы адам туралы білу.

Меңгеру:жаңа сөздерді меңгеріп алу.

Күні: 18.03.2022ж

Вариативтік бөлім: «Тәрбие- тал бесіктен»

Тақырыбы: «Мен көмекшімен»

Мақсаты: «Көмек, көмектесу» адамгершілік ұғымдарының мәнін ашу

Міндеттері:1.-көмек, көмектесу ұғымдары туралы түсінік беру. 2.-бір-біріне көмектесе білу дағдыларын қалыптастыру.3-бір-біріне көмектесе білуге тәрбиелеу

Көрнекі құралдар: қағаз ,түрлі түсті қарындаштар,сюжеттік суреттер.

Әдіс-тәсілдер:сұрақ-жауап,түсіндіру,әңгімелеу,көрсету.

Кезеңдер	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті
Мотивация-лық кезең	1.Шаттық шеңбері:-Тәрбиеші балалармен бірге шеңбер құрып,бір-бірімен амандасады.Бәрі бірге төмендегі өлең жолдарын қайталайды.	-бірге қайталайды.
Ізденіс ұйымдас-тыру кезеңі	Бақшамызға барғанда, Жолыққан бар жандарға. Ертемен ақ пейілмен, «Қайырлы таң!» деймін мен. Әңгімелесу -Балалар, «өзін-өзі тану» әлеміне саяхат барысында адамдардың бір-біріне мейірімділікпен, қамқорлықпен қарап, шыншыл бала болу қажеттігін түсіндік.Енді бүгінгі сабақта «көмектесу» туралы әңгімелесеміз. - Көмектесу дегенді қалай түсінесіңдер? Әңгімелесу «Қолғанат» - Жанар анасына қандай көмек көрсеткісі келді? - Анасы Жанардың бұл ісін қалай бағалады? - Сендер ата-аналарыңа қандай көмек көрсете аласыңдар? Балалардың жауаптары. Дәйексөз Тәрбиеші «Бала - ата-ананың қолғанаты» нақылсөзін сабақтың дәйексөзі ретінде түсіндіреді. Ойын – жаттығу.»Топтасып көрейік...».	-тыңдап, сұрақтарға жауап береді. -Балалардың жауаптары -балалар зейін қойып тыңдайды

Рефлексия	Шеңбер бойындағы балалар бір-біріне төмендегі белгілері бойынша топтасады: - кімнің мысығы бар... - ақ көйлектілер ... - тәттіні жақсы көретіндер... - футболды жақсы көретіндер... Балалар топтасқаннан соң, жүргізушінің нұсқауы бойынша үнсіз қимылмен төмндегі тапсырмаларды орындайды: - ағаш аралау; - алма жинау; - суға түсу; - өткеншек тебу; - сурет салу; - би билеу. - Балалар, бүгінгі сабағымызға үлкендерге, өзімізден кішілерге, бір-бірімізге қалай көмектесетініміз туралы әңгімелестік. Сендер кішкентай болсаңдар да үлкендерге көмек беру, қолқанат болудың жақсы қасиет екенін білесіңдер. Көмектің үлкен-кішісі жоқ. Сендердің әрбір көмектерің үлкендерді, ата-аналарыңды қуантады.	-ойын шартымен танысып, ойынды ойнайды.
-----------	--	---

Білу: көмектесу туралы түсіну.

Игеру: «көмек, көмектесу» ұғымдарының құндылығын түсіну.

Меңгеру: жаңа сөздерді меңгеріп алу.

Күні: 25.03.2022 ж

Вариативтік бөлім: «Тәрбие- тал бесіктен»

Тақырыбы: «Түсіну мен кешіруді үйренеміз»

Мақсаты:балаларға «жақсы сөздің» адамдарға әсері туралы түсіндіру.

Міндеттері:1.адам бойындағы құнды қасиеттер туралы түсініктерін кеңейту. 2.өзіне деген сенімділігін дамыту.

Көрнекілік: қағаз, түрлі түсті қарындаштар,сюжетті суреттер.

Әдіс-тәсілдер:сұрақ-жауап,түсіндіру,әңгімелеу,көрсету.

Кезеңдер	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті
Мотивация-лық кезең	1.Шаттық шеңбері: Ә.Дүйсенбиевтің «Не деу керек?» өлеңін оқу.	-тыңдайды.
Ізденіс	2.Әңгімелесу	-сұрақтарға жауап береді.
ұйымдас-тыру кезеңі	-Жаңа орындалған өлеңнен не түсіндіңдер?	
	3. Әңгімелеу: «Сыпайы қоян» ертегісі.	-ертегінің мазмұнын
	Ертегі желісі бойынша сұрақтар қою.	сұрақ-жауап арқылы
	-Қоянды қатерден не құтқарды?	талдайды.
	-Жылан неліктен қоянға тимеді?	
	Әңгіме: «Жақсы мен жаман».	
	-Гүлдің жабырқауына не себеп болды?	
	-Арам шөптің қылығын қалай бағалар едіңдер?	-әпті сөздерді айтады.
	4.Дәйексөз: «Жақсы сөз-жанға қуат».	
	5.Тыныштық сәті.	-сөздерді қайталау.
	6.Ойын: «Не деу керек?»	
	Шарты:сыпайы,әдепті сөздерді айту.	
	7.Ғажайып сөздер:жолың болсын;құтты болсын;аман бол;қайырлы күн;күнің сәтті болсын.	-қимыл-қозғалыс жасайды.
	8.Сергіту сәті:	
	Орнымыздан тұрамыз,	
	Қолды белге қоямыз.	
	Бұрыламыз оңға бір,	
	Бұрыламыз солға бір.	
	Біз бақытты баламыз,	
	Гүл-гүл жайнап жанамыз.	
Рефлексия	Жаттығулар жасасақ,	-өткенді естеріне салып,
	Жақсы сергіп қаламыз.	сұрақтарға жауап береді.
	9.Қорытынды	
	-Бүгін қандай сөздермен таныстық?	
	-Әдепті бала қандай сөздер айтады?	
	10.Жүректен жүрекке.	

Білу: әдептілік туралы түсінік алу.

Игеру:әдепті,сыпайы адам туралы білу.

Меңгеру:жаңа сөздерді меңгеріп алу.

Күні: 01.04.2022 ж

Вариативтік бөлім: «Тәрбие- тал бесіктен»

Тақырыбы: «Жақсылыққа жақсылық»

Мақсаты: «Жақсылық» ұғымы туралы түсініктерін кеңейту.

Міндеттері: 1. «жақсылық» ұғымы туралы ұғымдырын кеңейту. 2. Жағымды қасиеттерін дамыту. 3.жақсылық жасауға тәрбиелеу.

Көрнекілік: сюжетті суреттер

Әдіс-тәсілдер: сұрақ-жауап, түсіндіру, әңгімелеу, көрсету.

Кезеңдер	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті
Мотивация-лық кезең Ізденіс ұйымдас-тыру кезеңі	1.Шаттық шеңбері:өлең жолдарын айту. 2.Әңгімелеу: «Ақ тиын мен қасқыр» . Сұрақ-жауап арқылы талдау: -Ақ тиын не себептен көңілді жүреді? -Ал,қасқыр ше? 3.Дәйексөз: «Жақсылық жасау да-бақыт» -Жақсылық жасау дегенді қалай түсінесіңдер? 4.Сергіту сәті: Көтеріліп шаңырақ Кергелер керіліп, Өрімдей боп өріліп, Уықтар боп иіліп, Шаңыраққа киіліп, Бәріміз жүрсек айналып, Киіз үй боп көрінер. 5.Суретпен жұмыс -Сурет бойынша «жақсылық», «қамқорлық», «көмек» сөздерін қатыстырып,әңгіме құрастыру. Суреттерді бояу. 6.Тыныштық сәті. 7.Ғажайып сөздер: сабақта айтып,үйренген өнегелі сөздерді қайталап айту. -Жақсылық жасау-бақыт,қуаныш. 8.Қортындылау.	-барлығы бірге қайта-лайды. -сұрақтарға жауап бере-ді. -қимыл қозғалыс жасай-ды. -бояу жұмыстарын орындайды. -жаңа сөздерді қайталай-ды. -сұраққа жауап береді. Бір-бірлерінің жауаптарын бағалайды.
Рефлексия		

-Бүгін біз жақсылық жасау-бақыт,қуаныш екенін түсіндік,бір-бірімізге жақсылық жасай білуді үйрендік.

-Жақсылық жасау дегенді қалай түсінесіңдер?
--

9.Жүректен жүрекке

Шеңберде тұрып «Мен сені жақсы көремін» деп көршісінің атын айтып қолынан қысады.
--

Білу:жақсы істер туралы түсінік алу.

Игеру: ертегінің мазмұнын түсіну.

Меңгеру:жаңа сөздерді меңгеріп алу.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы №31

Күні: 08.04.2022 ж

Вариативтік бөлім: «Тәрбие- тал бесіктен»

Тақырыбы: «Қонақ келсе- қуаныш».

Мақсаты: «Қонақжайлылық» ұғымы туралы түсінік беру.

Міндеттері: 1.-қонақ,қонақжайлылық туралы түсінік беру. 2.-жағымды қарым-қатынас дағдыларын дамыту. 3.-әдептілікке тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: сюжеттік суреттер.

Әдіс-тәсілдер:сұрақ-жауап,түсіндіру,әңгімелеу,көрсету.

Кезеңдер	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті
Мотивациялық кезең Ізденіс ұйымдастыру кезеңі	1.Шаттық шеңбері:-Қайырлы таң ,балалар!Мен сендермен кездескеніме өте қуаныштымын.Бір-бірімізге күлімсірей қарап, жақсы тілектерімізді білдіріп, амандасайық. -Сәлем,Аружан.Ақылды болып өс. -Сәлеметсің бе?Жандия.Үлкендерді сыйла. -Амансын ба, Тамирис?Достарынмен тату бол. Әңгімелесу -Келген қонақты қалай күтіп аласыңдар? -Қонақжайлылықты қалай түсінесіңдер? Балалардың жауаптары Әңгімелеу Тәрбиеші «Түлкі мен тырна» ертегісін әңгімелеп береді, балалар сұраққа жауап береді. Дәйексөз Тәрбиеші «Қонақ келсе,құт келер» деген нақыл сөзді сабақтың дәйексөзі ретінде түсіндіреді. Тыныштық сәті	-бірге қайталайды. -тыңдап, сұрақтарға жауап береді. -балалар зейін қойып тыңдайды -Қимылмен қайталайды -ойын шартымен танысып,ойынды ойнайды

Рефлексия	Ойын: «Қонақ күтеміз» рөлдік ойыны. Тәрбиеші балаларды екі топқа бөліп: бірінші топ- «Қонақтар», екінші топ «Үй иелері» екендігін айтады. Үй иелеріне «қонақты күту рәсімдерін»айтып түсіндіреді. -қонақпен амандасу; -үйге кіргізу; -төрге шығару; -дастархан жайып,қонақты күту. Балалар өз қалаулары бойынша ойынды жалғастырады. Суретпен жұмыс Суретке қарап қонақтарды қалай қарсы алатындарың туралы айтып беріңдер,суретті бояндар. Жүректен жүрекке Бір-біріне сиқырлы сөздер айтады	-әңгімелеп айтып береді,суретті бояйды -сыйқырлы сөздер айтады.
-----------	---	---

Білу: қонақ күту туралы түсінік алу.

Игеру: «қонақ,қонақжайлылық» ұғымдарының құндылығын түсіну.

Меңгеру: жаңа сөздерді меңгеріп алу.

Күні: 15.04.2022 ж

Вариативтік бөлім: «Тәрбие- тал бесіктен»

Тақырыбы: «Әдепті және әдепсіз қылықтары талдау»(Сурет бойынша әңгіме)

Мақсаты: Балаларға әдептілік жайлы мағлұмат беру. Әдепті болуға үйрету, ойлау қабілетін және шығармашылығын дамыту. Әдептілік әлеміне бару барысында балаларға әдептілік ұғымының мағынасын ашу. Адалдыққа, мейірімділікке кішіпейілділікке тәрбиелеу. Мақал - мәтел арқылы баланың есте сақтау қабілетін арттыру.

Көрнекілік: тақырыпқа байланысты суреттер, әдептілік туралы мақал - мәтелдер, дидактикалық ойын

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Мотивациялы – ынталандыру кезең.	Шаттық шеңбері: Біз әдепті баламыз Айтқан тілді аламыз Үлкендерге жол беріп, Біз ақылды боламыз!	
Ұйымдастырушы-іздеуші.	Әдептілік – адамдардың өзара жақсы қарым - қатынасының, жүріс - тұрысының, үлкенді сыйлау, кішіпейіл бола білу белгісі екен. Сондықтан күнделікті өмірде әдептілік белгілерін дұрыс пайдалана білу керек. Төмендегі тапқартарға назар аударайық: «Не деу керек?» Апаң сенің базардан, Алма сатып әперді. Ең үлкенін, жақсысын, Саған таңдап әперді. Не барып жеу керек? Балалар жүр көшеде, Естілді шу – айхай. Сенде шықтың досыңды, Қағып кеттің байқамай. Мұндайда не деу керек? Осы келген бетінде, Допты қудың жарыстың. Көшенің сол шетінде	Рахмет, апа «Кешіріңіз!» деу керек.

	Кезікті бір апайың Ұмыттың сен не деуді? әдептілік жайлы суреттер көрсетеді, әдептілік туралы әңгіме айтып береді. - Балалар, суретте қараңдаршы мына бала атаға орын бермеді, онысы дұрыс па? - Ал, мына бала орын берді, ол дұрыс істеді ме? - Балалар, біз үлкендерді сыйлауымыз керек, автобуста үлкендерге орын беру керек. Таныс адамды көрсек міндетті түрде амандасу керек. - Ал мына суретте үстел үстінде тамақ ішіп отырған бала барлық тәтті тамақтарды алдына үйіп алыпты, осы істеген ісі дұрыс па? - Енді мына суретке назар салайықшы. Дүкеннен келе жатқан апаның сөмкесін мына бала көтеріп келе жатыр. Бұл ісі дұрыс па? - Дұрыс айтасыңдар. Бұл бала әдепті бала екен. Біздің тобымыздағы барлық бала - әдепті бала, өйткені балабақшаға келетін балдырғандар ақылды, білімді, тәрбиелі болып қалыптасады. Өскенде егемен еліміздің толыққанды азаматы боласыңдар. Мақал - мәтел: 1. Әдепті бала - арлы бала, Әдепсіз бала - сорлы бала. 2. Сіз деген - әдеп, Біз деген - көмек. 3. Басыңа іс түссе, Жақсы көмек етеді, Жаман күліп кетеді.	Сәлеметсіз бе?» деу керек. Жоқ, дұрыс емес. - Ия, дұрыс істеді. Жоқ, дұрыс емес. Дұрыс
Рефлексивті- түзетуші	<i>Дидактикалық ойын: "Жақсы мен жаман"</i> <i>Шарты: Балалар жақсы мен жаман</i>	

	<i>әдеттерді ажыратып айту керек. Балалар сонымен бүгін біз әдептілік туралы көп нәрсе үйрендік. Әдепті адам жамандықты жақсылыққа аударып, өзінің ақылдылығын таныта білуі керек.</i>	
--	---	--

Күтілетін нәтиже:

Білуі керек: әдептілік жайлы мағлұмат

Болуы керек: Әдепті болуға

Істей білуі керек: Мақал - мәтел арқылы баланың есте сақтау қабілетін арттыру.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы №33

Күні: 22.04.2022 ж

Вариативтік бөлім: «Тәрбие- тал бесіктен»

Тақырыбы:Бәрі де татулықтан басталады.

Мақсаты: «жақсы көру», «сүйіспеншілік» ұғымдары туралы түсініктерін кеңейту.

Міндеттері:1. «жақсы көру», «сүйіспеншілік» ұғымдары туралы түсініктерін кеңейту. 2.айнала қоршаған ортаны, адам-дарды жақсы көру сезімдерін дамыту. 3.айнала қоршаған ортасына сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: сюжеттік суреттер.

Әдіс-тәсілдер:сұрақ-жауап,түсіндіру,әңгімелеу,көрсету.

Кезеңдер	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті
Мотивация-лық кезең Ізденіс ұйымдас-тыру кезеңі	1.Шаттық шеңбері. Е.Елубаевтың «Достық» өлеңін айту. 2.Әңгімелесу -Балалар,сендер кімдерді жақсы көресіңдер? -Оларды неліктен жақсы көресіңдер? -Ал өздеріңді кімдер жақсы көреді?Қалай жақсы көреді? 3.Әңгімелеу: «Алғыс» М.Төрежанов. «Бәрінен де жақсы» Л.Толстой. -Өздерің өсындай жағдайда қалай жауап берер едіңдер? -Сендердің аналарың қандай? «Көже» А.Флеров. 4.Ойын: «Балапан». Шарты:әңгімедегі кейіпкерлердің қимыл-қозғалыстары жасау. 5.Дәйексөз: «Дүниедегі ең қымбат-жақсы көру» 6.Сергіту сәті: Атамның алып күрегін, Ауланың қарын күредім. Әжеме мен құдықтан, Су әкеліп беремін. Еденді де жуамын, Шаң-тозаңды қуамын. 7.Тыныштық сәті. 8.Ғажайып сөздер: -Жақсы көру.	-музыкамен орындайды. -сұрақтарға жауап береді. -әңгімелерді зейін қойып тыңдайды. -сұрақтарға жауап береді. -қимыл жасайды. -дәйексөзді қайталайды. -өлең жолдарына қимыл жасайды. -жаңа сөздерді қайталайды.

Рефлексия	-Сүйіспеншілікпен қарау. -Сыйлау. -Кешіре білу. -Түсіне білу. 9.Қорытындылау -Балалар,біз бүгін нені үйрендік? -Адам қандай болу керек? -Адам өз ісіне жауапты болуы керек.	-сұрақтарға жауап беру арқылы қортындылайды.
-----------	---	--

Білу: «бәрін жақсы көру» туралы түсінік алу.

Игеру:адамның ерекшіліктерін түсіну.

Меңгеру: жаңа сөздерді меңгеріп алу.

Күні: 22.04.2022 ж

Вариативтік бөлім: «Тәрбие- тал бесіктен»

Тақырыбы: «Тыйым сөздер»

Мақсаты: Қазақ халқының терең тамырлы өнегелі әдет ғұрпын, салт- дастүрін, ырым-тыйым таныстыру , Тыйым сөздер арқылы ар - ұят, өзін-өзі бағалау және адамгершілік дамыту.

Кезеңдер	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті
Мотивация-лық кезең	Тәрбиеші балаларды шеңберге тұрғызып, «Шаттық шеңберін» өткізеді.	Қуан, шаттан, алақай, Қуанатын күн келді. Қайырлы таң! Қайырлы күн! Күліп шықты күн бүгін!
Ізденіс ұйымдас-тыру кезеңі	Тыйым сөздер – ата - бабаларымыз баланы бесіктен жақсы әдеттерге баулыған. « Үлкенді сыйла», « Сәлем бер, жолын кесіпөтпе», деген ұлағатты сөздердің мәні өте зор. Тыйым сөздер адамгершілік қасиеттерді ізгілікпен ұштастырады. Тыйым сөздер арқылы дұрыс дағдылар мен өзін - өзі ұстау дағдыларының нормалары, ұйымдағы, топта отбасындағы қарым - қатынас мәдениетінің тұрақтылығын қалыптастырады. Тыйым сөздер: 1. Нанды баспа, нанды бір қолыңмен үзбе, нанның үстіне зат қойма. Бұл сөздерде нан қасиетті тағам, ас атасы нан екені түсінікті. 2. Тұзды шашпа. Тұз ащы, ащы нәрсені шашуға болмайды, әрі тұз да қасиетті тағам, тұзсыз тағамның дәмі болмайды. 3. Бас киіммен ойнауға болмайды, бас киімді жоғары қою керек. 4. Босағаны керуге болмайды. 5. Табалдырықта тұруға және табалдырықты басуға болмайды. 6. Үйге жүгіріп кіруге болмайды. 7. Түнде суға баруға болмайды. 8. Малды тебуге болмайды.	Балалар тыйым сөздерді қайталайды және мақынасын түсінеді

	9. Бос бесікті тербетуге болмайды. 10. Көпшіліктің ортасында есінеуге, қатты жөтелуге, қатты түшкіруге болмайды. 11. Пышақ пен ойнауға болмайды. 12. Құстың ұясын бұзуға болмайды.	Тыйым сөздер
Рефлексия	Бүгін біз не жайлы әңгімелестік? Осы айтылған тыйым сөздерді — ырымдарды ұмытпай бір — бірлеріңе айтып жүріңдер	

Білу: ырым, тыйым сөздерін

Игеру: тыйым сөздерінің мағынасын

Күні: 06.05.2022 ж

Вариативтік бөлім: «Тәрбие- тал бесіктен»

Тақырыбы: «Лақ, торпақ, қозы, бота»

Мақсаты: Үй жануарлары және олардың төлдерімен таныстыру, үй жануарлары жайлы түсініктерін, білімдерін қалыптастыру, кейбір ерекшеліктерін айтып, ажырата білуді үйрету.

Тақпақ жаттату, әңгімелеу арқылы есте сақтау, ойлау қабілеттерін арттыру, өз ойларын еркін, әрі нақты жеткізе білуге дағдыландыру, ойын арқылы сөздік қорларын молайту.

Жануарларға қамқорлық жасауға, оларға сүйіспеншілікпен қарай білуге тәрбиелеу.

Әдіс - тәсілі: Түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ - жауап, ойын, үн таспадан көрсету.

Көрнекіліктер: Үй жануарларының суреттері, үн таспа, төрт түліктің өнімдері.

Қостілділік компоненті: Лақ - козленок, торпақ - теленок, қозы - ягненок.

Кезеңдер	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті
Мотивация-лық кезең	Жылулық шеңбері: Армысың, Алтын күн! Аманбысың, жер - Ана! Амансың ба, достарым!	
Ізденіс ұйымдас-тыру кезеңі	- Балалар, бүгін біз үй жануарлары - мен, олардың тіршілігімен танысамыз. Табиғаттың бір бөлігі жануарлар мен құстар. Жануарлар екіге бөлінеді: үй жануарлары және дала жануарлар (аңдар). Үй жануарларының табиғаттағы орны ерекше, әрі қызықты. - Ауылға аталарыңның, апаларыңның үйіне барғанда үй жануарларын көргендерің бар ма? Үй жануарларының суреттерін көрсетіп, таныстыру. - Үй жануарларын атаңдар. Оларды неге үй жануарлары дейді? - Дұрыс, өйткені олар адамдардың маңайында, аулада тіршілік етеді екен. - Үй жануарлардың төлдерін қалай атайды?	

Рефлексия	Олардың адамдарға қандай пайдасы бар? Алдын - ала дайындалған үй жануарларының өнімдерін көрсету. (сүт, қатық, құрт, май, жүн) Сонымен бірге көлік ретінде пайдаланады.(Жүк тасиды, арбаға жегеді). Қай жануар қалай дауыстайды? Теледидардан үн таспа көрсету. Жақсы, балалар ендеше осы үй жануарлары туралы қандай тақпақтар білесіңдер? Қайда қалып қойдың? Бұлтиып бір бүйірің, Қай өрістен тойдың? Секен, секен ей лақ, Жүрмін саған кейіп - ақ. Тыным тапсаң болмай ма? Секендемей бір уақ. Томпаң, томпаң торай, Дауысының зорын - ай. Дөкей бола қалыпсың, Толысымен он ай. Қошақаны қойдың, - Балалар, бүгін біз қандай жануарлармен таныстық? - Неге оларды үй жануарлары деп атайды екенбіз? - Үй жануарлардың төлдерін қалай атайды? - Үй жануарлары қалай дауыстайды? - Адамдарға қандай пайдасы, беретін өнімі бар?	Балалар қойылған сұрақтарға жауап береді, әңгімелейді. Үй жануарларын дала жануарларынан бөліп жылы қораға қамайды. Шөп салады, су береді, жем береді.(әр жануарға жеке - жеке сипаттама беріп отырады. Пайдасы, беретін өнімі, төлін қалай атайды, қалай дауыстайды) Қойылған сұрақтарға толық, әрі нақты жауап береді.
-----------	--	---

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: Үй жануарларын ажыратып, төлдерін білу керек. Қойылған сұрақтарға толық, әрі нақты жауап бере білу керек.

Болу керек: Қызығушылықтары, ынталары болу керек.

Істей білу керек: Үй жануарларын дала жануарларынан ажыратып, бөлек жинай білу керек.

Күні: 13.05.2022 ж

Вариативтік бөлім: «Тәрбие- тал бесіктен»

Тақырыбы: «Отбасындағы қуаныш»

Мақсаты:сүйіспеншілік,сыйластық құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту.

Міндеттері: 1. отбасы сүйіспеншілігі, сыйластығы туралы түсініктерін қалыптастыру.

2.отбасындағы өзара сыйластық қарым-қатынас дағдыларын дамыту. 3.Отбасына сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Көрнекі :сюжеттік суреттер.

Әдіс-тәсілдер: сұрақ-жауап, түсіндіру, саяхат, әңгімелеу.

Кезеңдер	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті
Мотивациялық кезең Ізденіс ұйымдастыру кезеңі	Шаттық шеңбері:бір-біріне күлкі сыйлайды. -Картадаға отбасы туралы суретке қарап әңгіме құрайды. -отбасы деген сөзді қалай түсінесіңдер? -отбасын неліктен жақсы көресіңдер? Ә.Исқақовтың «Кім ойлап тапқан?» өлеңін оқу. Ойын Шарты:балалар шеңбер бойымен тұрып,педагог кезек-кезек сұрақ қойып,қолындағы допты лақтырады. 3.Әңгімелеу Алдын ала әкелінген отбасылық суреттеріне қарап өз сүйіспеншіліктерін білдіреді. Дәйексөз: «Күннен жылу тарайды, анадан мейірім тарайды» мағынасын түсіндіру. -Күннің шуағынан қандай керемет қасиеттер пайда болды? -Күннің жылуы мен ана махаббатының арасында қандай байланыс бар? Өзіммен-өзім: көздерін жұмып өз аналарына қандай гүл шоғын сыйлайтындарын елестету. Қорытындылау -Бүгін біз кімдер жайлы әңгімелестік? -Отбасы қандай болуы керек? -Өз отбасымызға не тілейміз? Жүректен жүрекке: микрофонға жақындап отбасыларына тілек айтады.	-күлкі сыйлайды. -сұрақтарға жауап береді. -бірге қайталайды. -сұрақтарға жауап береді. -Балалардың өз бетінше жұмыстар -Сұрақтарға жауап береді. -Сұрақтарға жауап береді.
Рефлексия		

Білу:отбасы туралы түсінік алу.

Игеру: әр бала өз отбасында ерекше жан екенін түсіну.

Меңгеру: жаңа сөздерді меңгеріп алу.